



БАСПАНА БАҚЫТЫ

3-БЕТ



МОБИЛЬДІ ГЕЙМДЕВ НАРЫҒЫ

5-БЕТ



Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау туралы

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Құрылтай депутаттары бес жыл мерзімге сайланады.

Құрылтайдың құрамына Сайлау туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша партиялық тізімдер бойынша сайланатын 145 депутат кіреді.

Сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы өткізіледі.

Жиырма бес жасқа толған және елдің аумағында соңғы он жыл бойы тұрақты тұрып жатқан Қазақстан Республикасының азаматы депутат бола алады.

Партиялық тізімде әйелдердің, жастардың және мүгедектігі бар адамдардың жиынтық үлесі оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде 30 пайызын құрауға тиіс.

Партиялық тізімде адамдарды орналастыру тәртібін саяси партиялар дербес айқындайды.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы.



9 772223 237006 >

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ»



СЕГІЗ ЖАҢА МЕКТЕП АШЫЛАДЫ

Қаладағы оқушы орындарының тапшылығын жою және білім беру инфрақұрылымын дамыту жөніндегі кешенді жоспардың іске асырылуына арналған жұмыс кеңесі өтті. Оған Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды төрағалық етті.

2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша Алматыдағы 360 мектепте 357 225 оқушы білім алды. Қазіргі таңда қалада 29 735 оқушы орнына қажеттілік бар. Әсіресе, Әуезов, Алатау және Бостандық аудандарында тапшылық көптеп байқалады. Жүктеменің артуына мектеп жасындағы балалар санының көбеюі және ішкі көші-қон басты себеп болып келеді. Тек былтырғы оқу жылының өзінде Алматы мектептеріне еліміздің басқа өңірлерінен 17 847 оқушы ауысып келген. Олардың жартысына жуығы Алматы облысынан.

Кеңес барысында қолданыстағы тапшылықты кезең-кезеңімен азайтуға мүмкіндік беретін кешенді шаралар қаралды. Жаңа оқу жылы басталғанға дейін қалада сегіз жаңа мектеп ашылады. Оның жетеуі «Ке-

лешек мектептері» ұлттық жобасы аясында, біреуі жергілікті бюджет қаражаты есебінен салынған мектеп. Сонымен қатар, қолданыстағы үш мектепке қосымша ғимараттардың құрылысы аяқталады. Соның нәтижесінде 12 200 жаңа оқушы орны ашылады.

Кеңесте мектепке дейінгі білім беру саласын дамыту жайы да қаралды. Қазіргі таңда Алматыда 1098 балабақша жұмыс істейді, оларға 88 мыңнан астам бала барады. Жыл басынан бері шамамен, 3 мың орынды 33 жаңа балабақша ашылды. Жыл соңына дейін тағы 23 балабақша ашу жоспарланған. Бұл мектепке дейінгі біліммен қамту деңгейін 96,6%-ға жеткізіп, кезекте тұрған балалар санын екі мыңға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Кеңес соңында Алматы қаласының әкімі жаңа білім беру нысандарын уақытылы пайдалануға беруді, барлық жобаның жүзеге асырылуын күшейтуді және шаһардағы халық саны қарқынды өсіп жатқан аудандарда оқушы орындарының тапшылығын кезең-кезеңімен жою үшін қосымша шаралар қабылдауды тапсырды.

Қарқынды демографиялық өсім мегаполисте білім жүйесіне жүктемені күшейтеді. Соған қарамастан, Алматы әкімдігі оқушы орны тапшылығын қысқарту және екі ауысымды білім беруді жою бағытында нәтижелі жұмыс істеп келеді. Оның үстіне Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Келешек мектептері» ұлттық жобасы қаладағы білім инфрақұрылымын дамытуға тың серпін берді. Әрі сапалы, заманауи білім беру жүйесін дамытудың басты бағытына айналды.

Дана САДЫРҚАН.

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ ҚАРСАҢЫНДА

партиялық тізімдер нені аңғартты?

Еліміздегі тіркелген саяси партиялардың барлығы съездерін өткізіп, Құрылтай сайлауына ұсынған кандидаттарының тізімін жария етті. Ұсынған партиялық тізімдерін олардың сайлауалды бағдарламалары секілді маңызды шешім ретінде қарастыруға болады. Өйткені, партияның нақты саяси ұстанымы көбіне оның кадрлық құрамынан, кәсіби әлеуетінен және қоғамның қай тобына басымдық беретініне қарап бағаланады. Биылғы тізімдерге жасалған салыстырмалы талдау әр партияның өзіндік саяси бейнесін сақтауға ұмтылғанын, сонымен қатар жаңа кадрлар мен қоғамдық белсенділерді тартуға ден қойғанын көрсетеді.

Кадрлық саясаттағы айырмашылықтар

Құрылтай сайлауына қатысатын жеті партияның кандидаттар саны біркелкі емес. Ең ауқымды тізімді «Әділет» партиясы – 186, ал ең ықшамын Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясы (ЖСДП) – 33 кандидатпен ұсынды. Қалған партиялар бекіткен тізім сандары мынадай: «Respublica» – 76, Қазақстан халық партиясы – 72, «Ауыл» – 69, «Ақ жол» – 63, «БАУТАҚ» – 51 кандидат.

Бұл айырмашылықтардың өзі партиялардың кадрлық саясаты әртүрлі екенін аңғартады. Бірқатар партиялар барынша кең әлеуметтік және кәсіби топтарды қамтуға ұмтылса, енді бірі нақты салалық мамандарға басымдық берген. Сонымен бірге, тізімдерде әйелдер мен жастардың, түрлі этностардың өкілдері қамту барлық партиялар жағынан ескерілгені байқалады. Бұл қазіргі қазақстандық партиялардың инклюзивтілікке ұмтылысын көрсетеді.

Өзіндік саяси бет-бейнесі бар

Жүргізілген талдау партиялық тізімдердің кездейсоқ жасалмағанын көрсетеді.



теді. Әрқайсысы өзінің дәстүрлі электроатына және идеологиялық бағытына сәйкес кадрлық құрам жасақтаған. Айталық, «Әділет» партиясының тізімі сарапшылық және технократиялық сипатымен ерекшеленеді. Оның құрамында бұрынғы министрлер, мемлекеттік басқару тәжірибесі бар тұлғалар, заңгерлер, білім және цифрландыру саласының мамандары, экономистер мен қоғам қайраткерлері көп. Асхат Аймағамбетов, Мұрат Әбенев, Бағдат Мусин, Ерлан Саиров, Айдос Сарым сияқты танымал тұлғалардың болуы партияның мемлекеттік басқару сапасы мен кәсібилікке басымдық беретінін көрсетеді.

«Respublica» партиясы, керісінше, кәсіпкерлерге, жас көшбасшыларға және жеке сектор өкілдеріне сүйенеді. Тізімде бизнес өкілдерінің үлесі көп, керісінше мемлекеттік аппараттан келгендер аз. Бұл партия өзін жаңа буынның экономикалық реформаларға бағытталған саяси күші ретінде көрсетуге ұмтылғанын аңғартады.

Қазақстан халық партиясының құрамында қазіргі және бұрынғы депутаттармен қатар дәрігерлер, инженерлер, заңгерлер, ғалымдар, мәдениет қайраткерлері және өңірлік партия ұйымдарының жетекшілері кеңінен қамтылған. Бұл партияның әлеуметтік саясатқа, денсаулық сақтау, білім беру және мемлекеттік басқару тәжірибесіне ерекше мән беретінін көрсетеді.

«Ауыл» партиясының тізімі идеологиялық тұрғыдан ең бірізді құрамдардың бірі деуге болады. Аграрлық сектор өкілдері, фермерлер, өңірлік белсенділер басым. Қарақат Әбден мен Жигули Дайрабаев сияқты танымал тұлғалардың болуы ауылдық аумақтарды дамыту мәселесін қоғамдық күн тәртібінде ұстап тұруға бағытталғанын көрсетеді.

«Ақ жол» демократиялық партиясы дәстүрлі түрде кәсіпкерлерге, өндіріс басшыларына, заңгерлерге және тәжірибелі парламентшілерге сүйенеді. Дания Еспаева, Азат Перуашев, Қазыбек Иса бастаған қазіргі Мәжіліс депутаттарының болуы партияның заң шығару тәжірибесіне және нарықтық экономика қағидаттарына басымдық беретінін айғақтайды.

«БАУТАҚ» жасылдар партиясының тізімі экологиялық күн тәртібін негізгі идея ретінде ұстанады. Кандидаттар саны аз болғанымен, партия өзін қоршаған ортаны қорғау және тұрақты

даму мәселелеріне маманданған саяси күш ретінде көрсетуге тырысқан.

Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының тізімі басқа партиялардан өзгеше. Мұнда негізінен партияның өңірлік филиал жетекшілері, әйелдер және жастар қанатының белсенділері, сондай-ақ бұрынғы Мәжіліс депутаттары енгізілген. Бұл ЖСДП-ның ішкі партиялық кадрлық сабақтастыққа және ұйымдық құрылымына сүйенетінін көрсетеді.

Кәсібилікке сұраныс күшейген

Биылғы партиялық тізімдердің ортақ ерекшелігі – кәсіби мамандардың үлесінің артуы. Бұрынғыдай тек саясаткерлер немесе партия функционерлері ғана емес, олардың қатарында дәрігерлер, мұғалімдер, инженерлер, IT мамандары, өндіріс басшылары, қаржыгерлер, заңгерлер, кәсіпкерлер, спортшылар және мәдениет қайраткерлері де бар.

Сонымен қатар, партиялар арасындағы айырмашылықтар да айқын байқалады. Егер «Әділет» мемлекеттік басқару тәжірибесіне және технократиялық кадрларға сүйенсе, «Respublica» мен «Ақ жол» кәсіпкерлік қауымдастыққа басымдық берген. Қазақстан халық партиясы әлеуметтік саясат саласының мамандарын көбірек тартқан болса, «Ауыл» аграрлық сектор өкілдеріне сүйенген. Ал «БАУТАҚ» экологиялық күн тәртібін, ЖСДП партиялық ұйымның ішкі әлеуетін негізгі тірек ретінде таңдаған.

Жалпы алғанда, ұсынылған партиялық тізімдер Қазақстандағы саяси партиялардың кадрлық әлеуеті әртүрлі болғанымен, олардың барлығы қоғамның түрлі әлеуметтік және кәсіби топтарын қамтуға ұмтылғанын көрсетеді. Бұл қазіргі саяси үдерісте кәсібилікке, салалық сарапшылыққа және өңірлік өкілдікке деген сұраныстың күшейгенін аңғартады. Алдағы кезеңде осы үміткерлердің Құрылтайдағы жұмысы партиялардың жариялаған басымдықтарын нақты саяси шешімдер мен заңнамалық бастамаларға қаншалықты айналдыра алатынын көрсететін негізгі өлшем болмақ.

Пердехан ШӘМШИЕВ, сарапшы.

Коллаж: Нұрбосын ӨРІС.



САЯСИ НАУҚАН

Азаматтарды сайлаушылар тізімдеріне енгізу туралы

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН

ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізде тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елдімекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.



БАСПАНА БАҚЫТЫ

Шаһар басшысы мұқтаж жандарға пәтер кілтін табыстады

Алматыдағы Qargaly City тұрғын үй кешенінде бірқатар азаматтарға пәтер кілтін табыстау салтанаты рәсімі өтті. Қала әкімі Дархан Сатыбалды мен «Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова жаңа тұрғын үй иелеріне пәтер кілтін табыстады.

Баспаналы болғандардың қатарында көпбалалы отбасылар, I және II топтағы мүгедектігі бар азаматтар, сондай-ақ әлеуметтік осал санатқа жататын тұрғындар бар. Олар жаңа қонысқа ие болғаны туралы сүйінші хабарды бір күн бұрын естіп, салтанатты рәсімге арнайы шақырылды.

Жаңа қоныс иелерін, олардың туған-туыстары мен жақындарын құттықтаған қала әкімі Дархан Сатыбалды тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету – мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халықтың әл-ауқатын арттыруды мемлекеттік әлеуметтік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде айқындады. Соның ішінде баспанаға мұқтаж азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі ерекше назарда. Биыл Алматыда 11 мыңнан астам мұқтаж азаматты тұрғын үймен қамту

жоспарланып отыр. Бұл жұмыстың алғашқы кезеңінде коммуналдық тұрғын үй қорынан 885 пәтердің кілті табысталады. Кейінгі кезеңдерде тағы 1832, 670 және 6161 пәтер пайдалануға беріледі. Осылайша жыл соңына дейін мыңдаған алматылық отбасының баспана мәселесі шешімін табады, – деді шаһар басшысы.

Әкімнің айтуынша, олардың ішінде 8250 азамат жалдамалы тұрғын үймен, 1298 адам жеңілдетілген несие арқылы тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, кемінде 1650 жас маман «Алматы жастары» бағдарламасы аясында жеке баспаналы болуға мүмкіндік алады.

Дархан Сатыбалды қалада тұрғындарды қолдауға бағытталған өзге де тетіктердің іске асырылып жатқанын айтты. Ол жаңа қоныс иелерін құттықтап, шаңырақтарына бақ-береке тіледі.

– Баршаңызды жаңа баспаналарыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Жаңа үйлеріңізге құт-береке, ынтымақ пен мол-

шылық тілеймін. Әр шаңырақтан балалардың шат күлкісі естіліп, ақсақалдардың ақ батасы үзілмесін! – деді Дархан Сатыбалды.

Өз кезегінде «Отбасы банк» АҚ басқарма төрағасы Ләззат Ибрагимова бүгін көптеген отбасы үшін өмірдің жаңа кезеңі басталғанын атап өтті.

– Бүгін тұрғын үйге мұқтаж адамдардың баспаналы болып жатқанына шын қуаныштымыз. Алматы әкімдігіне мұқтаж азаматтарды анықтау бағытындағы тиімді бірлескен жұмысы үшін алғыс білдіреміз. Жаңа үйдің кілтін алған барлық отбасын құттықтаймын. Бұл баспана олардың аяқтан нық тұрып, жарқын болашағына жол ашады деп сенемін, – деді ол.

Бүгін баспаналы болғандардың бірі – Дәулет Әлібаев. Ол он жасында ата-анасынан бір күнде айырылып, жетім қалған. Бес баланың әкесі, еркін күрестен айналысатын паралимпиадашы спортшы бүгінгі қуанышын сурдоаудармашының көмегімен жеткізді. Жұбайы және ұлдарымен бірге жаңа пәтерді аралап шыққан ол толқынысын жасыра алмады.

– Мемлекетке, Президентке және Алматы әкімдігіне ерекше қажеттілігі бар жандарға көрсетіп отырған қамқорлығы үшін үлкен алғысымды білдіремін. Бұл –

менің және отбасымның өміріндегі ең үлкен қуаныш. Бала күнімнен саңырау балаларға арналған интернатта тәрбиелендім. Қазақ спорт және туризм академиясын тәмамдап, бүгінде паралимпиадалық құрамаға үміткермін. Кеше ғана осы салтанатты рәсімге шақырылғанымызды естігенде, қатты қуандық. Балаларымның жаңа үйде қуанып жүргенін көріп, көзіме еріксіз жас келді. Бұл – біздің отбасымыз үшін үлкен қолдау. Мемлекеттің сенімін спорттағы жетістіктеріммен ақтауға, ал ұлдарымды елін сүйетін азамат етіп тәрбиелеуге тырысамын, – деді ол.

– Өз баспанасының болуы оларды өмірге жігерлендіреді. Мұндай қолдау олардың қоғамның толыққанды мүшесі екенін сезінуге мүмкіндік береді, – деді саңырау жандар орталығының қызметкері.

Жаңа пәтер кілтін алғандардың қатарында көру қабілеті нашар Вениамин Рыжов пен оның анасы Лариса Рыжова да болды.

– Кезегіміздің келгеніне өте қуаныштымыз. Бүгін баспаналы болған барлық отбасымен бірге осы қуанышты бөлісіп отырмыз. Қазіргі заманда өз үйіңнің болуы – ертеңгі күнге деген сенімнің негізі. Ұлымның мемлекет қамқорлығын сезініп, қоғам назарынан тыс қалмағанына ризамын. Осындай қолдау көрсеткені үшін мемлекетке және Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдыға шын жүректен алғысымды білдіремін, – деді Лариса Рыжова.

Рая ЕСКЕНДІР.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Республика алаңы ауқымды жаңғырту жұмыстарынан кейін қайта ашылды. Қаланың басты қоғамдық кеңістіктерінің бірі саналатын аумақ толық абаттандырылып, тұрғындар мен қала қонақтарының жайлы демалысына лайық заманауи келбетке ие болды.

Жоба аясында жаяу жүргіншілер жолы жаңартылып, инженерлік желілер мен жарықтандыру жүйесі толықтай ауыстырылды. Сонымен қатар, субұрқақтар, балалар ойын алаңдары, демалыс орындары, амфитеатр және веложолдар салынды.

Алаңды жаңарту барысында көгалдандыру жұмыстарына ерекше көңіл бөлінген. Аумаққа 233 ірі ағаш, 63 мыңнан астам бұта және 17,7 мың көпжылдық өсімдік отырғызылып, автоматты суару жүйесі іске қосылған. Аумақ сәулеттік жарықтандырумен безендіріліп, тұрғындардың қауіпсіздігі үшін жаңа шамдар орнатылған.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңістіктерді дамыту басқармасының басшысы Батырхан Сүлейменовтің айтуынша, Республика алаңындағы құрылыс үш айда аяқталған.

– Құрылыс жұмыстары толық аяқталып, нысан пайдалануға берілді. Қазір Сәтбаев көшесін кешенді абаттандыру



жобасы жүзеге асырылып жатыр. Сол жобаның құрамына Республика алаңы да енгізілген болатын. Мұнда кешенді көгал-

дандыру жүргізіліп, жүздеген ағаш пен ондаған мың бұта отырғызылды. Инженерлік инфрақұрылым жаңартылып, тұр-

ғындар үшін жайлы әрі заманауи қоғамдық кеңістік пайда болды, – деді басқарма басшысы.

Жаңартылған алаңға баласымен серуендеуге келген алматылық тұрғын Сымбат Шайзада да өзгеріске оң бағасын берді.

– Республика алаңының құрылыс жұмыстарынан кейін қайта ашылғанын естіген соң, бүгін баламды ертіп арнайы келдік. Көңілімнен шықты. Ойын алаңы өте әдемі әрі қауіпсіз жасалған, балам бірден ойнап кетті. Айналаның көгалдандырылғаны, өзгеше субұрқақтар мен жарықтандырудың жаңарғаны ерекше әсер қалдырды. Мұнда тек балалар ғана емес, ересектердің де жайлы уақыт өткізуіне барлық жағдай жасалған екен. Енді бұл жерге жиі келетін боламыз, – дейді қала тұрғыны.

Қала басшысының тапсырмасымен жүзеге асырылған бұл жоба қоғамдық кеңістіктерлі дамыту, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.

Сурет: Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ҚАҒИДАТЫ

Қазақстан Орталық Азияда көш бастап тұр

Мемлекеттің дамуы тек экономикалық көрсеткіштермен ғана емес, азаматтарының әлеуметтік тұрғыда қорғалу деңгейімен де өлшенеді. Осы бағытта Қазақстан бүгінде Орталық Азия елдері арасында алдыңғы орынға шықты.

Иә, біз – Конституциясының 1-бабында өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырған елміз. Бұл қағида мемлекет азаматтардың лайықты өмір сүруіне жағдай жасап, жан-жақты қолдау көрсетуге міндетті екенін білдіреді.

Кейінгі жылдары елімізде әлеуметтік саясатқа бөлінетін қаржы көлемі тұрақты түрде өсіп келеді. Әсіресе, ана мен баланы қолдау, әлеуметтік осал топтарды қорғау, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесін дамыту және медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыру бағытында бірқатар реформа жүзеге асырылды.

Мәселен, елімізде бала дүниеге келген әрбір отбасына біржолғы мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Сонымен қатар, жұмыс істейтін әйелдерге жүктілік және босану кезеңінде әлеуметтік төлем қарастырылған. Бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты ай сайынғы жәрдемақы немесе Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төлем беріледі.

Жүктілік пен босану бойынша төлемдер бізде әлдеқайда жоғары. Орташа есеппен бұл төлемдер 164 350 теңгеден 1 158 107 теңгеге дейін жетеді. Ал Өзбекстанда – 34 520 теңге, Қырғызстанда – 43 215 теңге, Тәжікстанда 11 415 теңге көлемінде ғана.

Сонымен бірге, 1,5 жасқа дейінгі бала күтіміне ай сайынғы жәрдемақы қарастырылған: бірінші балаға – 24 912 теңге,



Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

екіншіге – 29 454 теңге, үшіншіге – 33 952 теңге, төрт және одан көп балаға – 38 493 теңге төленеді. Қырғызстанда, Өзбекстанда және Тәжікстанда бұл төлемдер көлемі айтарлықтай төмен. Мәселен, Қырғызстанда біржолғы төлем 21 607 теңге (4000 сом) ғана болса, Өзбекстанда 34 519 теңге шамасында.

Ең маңызды әлеуметтік кепілдіктердің бірі – бала күтімі демалысынан кейін қызметкердің жұмыс орнының заң жүзінде сақталуы. Бұл талап еңбек заңнамасымен қорғалады және әйелдердің еңбек нарығындағы құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Халықаралық тәжірибеге көз жүгіртсек, мысалы, аузын айға білеген АҚШ-та федералдық деңгейде барлық қызметкерге міндетті ақылы декреттік немесе бала күтімі демалысы қарастырылмаған. Жоғары білімнің құны өте жоғары, студенттердің көпшілігі несие алады. Бала

туған кезде біздегідей барлық отбасыға біржолғы мемлекеттік жәрдемақы төленбейді.

Үндістанда да әлеуметтік бағдарламалар болғанымен, халық санының көптігі мен өңірлер арасындағы теңсіздік салдарынан әлеуметтік қолдау барлық азаматқа бірдей қолжетімді емес. Жұмыс күшінің басым бөлігі бейресми секторда еңбек етеді. Әлеуметтік сақтандыру көбіне ресми жұмыс істейтін азаматтарды ғана қамтиды.

Елімізде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз отбасыларға атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) беріледі. Бұдан бөлек, көпбалалы отбасыларға, мүгедек бала тәрбиелеп отырған ата-аналарға, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған түрлі жәрдемақылар қарастырылған.

Мәселен, көпбалалы отбасыларға ай сайын 69 330 теңгеден 121 360 теңгеге дейін төленеді. Ал «Күміс

ӘЛ-АУҚАТ пен ДЕНСАУЛЫҚ мемлекеттік қамқорлықтың басым бағытына айналған

Қазақстандағы әлеуметтік саясаттың ең күшті бағыттарының бірі – тұрғындардың денсаулығын қорғау. Жалпы, біздің азаматтар екі пакет арқылы медициналық көмек алады.

Біріншісі – Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК). Бұл пакет барлық азаматқа, сақтандырылғанына қарамастан, жедел медициналық көмек, әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу, алғашқы медициналық қызметтердің бір бөлігін тегін алуға мүмкіндік береді.

Екіншісі – Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі. Бұл жүйе арқылы азаматтар кеңейтілген диагностикалық тексерулерден, күрделі операциялардан, жоғары технологиялық медициналық көмектен, консультациялық қызметтерден және оңалтудан өте алады.

Мәселен, азуын айға білеген АҚШ-та сақтандыру жүйесі негізінен жеке секторға сүйенеді. Сондықтан сақтандырылмаған азаматтардың медициналық шығындары айтарлықтай жоғары болуы мүмкін. Ал Үндістан елінде бірыңғай жалпыға ортақ медициналық сақтандыру жүйесі мүлдем жоқ.

Қазақстанда ТМККК мен МӘМС-тің қатар жұмыс істеуі халықтың негізгі медициналық қызметтерге қолжетімділігін сақтай отырып, қымбат медициналық көмекті қаржыландыруға мүмкіндік береді.

Мәселен, былтыр Медициналық сақтандыру қоры (МСҚ) алматылықтарға МӘМС шеңберінде көрсетілген медициналық көмекке 165,5 млрд. теңге жұмсаған.

«МӘМС пакетінен алынған қаражат-

тың басым бөлігі, яғни 94,9 млрд. теңгесі стационарлық көмекке, шамамен, 5,9 млрд. теңгесі күндізгі стационар қызметіне, 29,9 млрд. теңге консультативтік-диагностикалық қызметтерге, жоғары технологиялардың көмегімен жасалатын операцияларға 23,9 млрд. теңге, медициналық реабилитацияға 8,8 млрд. теңге жұмсалған. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың арқасында азаматтар жыл сайын түрлі хирургиялық оталарды жасатуға мүмкіндік алып отыр. Олардың арасында бағасын көпшіліктің қалтасы көтере бермейтін қымбат операциялар да бар», – дейді «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы қаласы филиалының директоры Ілияс Мұхамеджан.

Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры да еліміздегі әлеуеттік қолдау жүйесін толықтырып отырған маңызды институттың бірі. Әсіресе, сирек кездесетін аурулары бар балаларды емдеуге, мүгедектігі бар азаматтарды оңалтуға басымдық беріледі.

Айтпақшы, елімізде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға мемлекеттік жәрдемақы, жеке көмекші, инвентакси қызметтері, техникалық оңалту құралдары, шипажайда емделу және оңалту бағдарламалары ұсынылады. Ал кейінгі жылдары ерекше қажеттілігі бар балаларды инклюзивті біліммен қамту мәселесіне де ерекше көңіл бөлініп келеді.

Осы ретте мүмкіндігі шектеулі азамат-

тарды қолдау үшін берілетін әлеуметтік төлемдер туралы айта кетсек, артық болмас.

Мәселен, I топтағы адам үшін – 111 873 теңге, II топ – 89 498 теңге, III топ – 61 022 теңге. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстандағы бұл төлемдер бірнеше есе төмен.

Бүгінде Алматыда да ерте араласу орталықтары ашылуда. Олардың жұмысы енді туған нәрестеден бастап үш жасқа дейінгі аралықтағы балдырғандардың дамуында тежелу байқалса, сол мәселеге дереу ден қойып, болашақта болуы мүмкін ауыр кеселдің алдын алып, ертерек әрекет жасауға бағытталған. Бұл да онсыз да баласының өзі құралпы жеткіншектерден кештеу дамып жатқанына алаңдаулы ата-анаға үлкен әлеуметтік қолдау, демеу. Әрі қызметі тегін.

Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты Ерте араласу әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында жыл басынан бері 142 бала қабылданып, оларға ке-

алқа», «Алтын алқа» және «Батыр ана» иегерлері 27 680-32 005 теңге көлемінде қосымша жәрдемақы алады.

Ал аз қамтылған отбасыларда тәрбиеленіп жатқан 1–6 жас аралығындағы балаларға 1,5 АЕК (6 487,5 теңге) мөлшерінде төлем беріледі. Сонымен қатар жұмыссыз қалған жағдайда төлем соңғы 24 айдағы табыстың 45%-ына дейін жетуі мүмкін.

Қазақстанда жұмысынан айырылған азаматтар Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төлем алады. Сонымен бірге, жұмыссыз азаматтар қайта даярлау, жаңа мамандық игеру, жастар практикасы, қоғамдық жұмыс секілді жобаларға тартылып, кәсіпкерлікке тегін гранттар беріледі. Мәселен, Германия мен Францияда жұмыссыздық бойынша төлем көлемі жоғары болғанымен, әлеуметтік сақтандыру жарнасының мөлшері де әлдеқайда көп.

Қазақстанда әлеуметтік қолдау тек тікелей төлемдермен шектелмейді. Мемлекет бірқатар саланы субсидиялайды. Мысалы, жолаушылар тасымалына бөлінетін қаржы көлемі артқан. Биыл Астанада 62,34 млрд. теңге, ал Алматыда 107,6 млрд. теңге әлеуметтік маңызы бар бағыттарды субсидиялауға бағытталған. Бұдан бөлек, әлеуметтік жағынан аз қамтылған санаттағы азаматтарға коммуналдық тарифтердің өсуіне байланысты өтемақылар жергілікті бюджет есебінен төленеді.

Ең маңыздысы – азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру, әлеуметтік теңдікті қамтамасыз ету және әрбір адамның әлеуетін толық жүзеге асыруына мүмкіндік беру. Осы бағыттағы реформалардың сабақтастығы Қазақстанның әлеуметтік мемлекет ретіндегі дамуын одан әрі нығайта түсетіні сөзсіз.

шенді ерте араласу қызметтері көрсетілуде.

«Бізде әр бала мен отбасының жеке қажеттілігі ескеріліп, қызмет түрлері соған сәйкес іріктеледі. Орталық мамандары баланың сол қажеттіліктерді бағалап, олардың әрқайсысына жеке ерте араласу бағдарламасын әзірлейді және оның орындалуын сүйемелдейді. Сонымен қатар, баланың сөйлеу және қарым-қатынас, қозғалыс, танымдық, өзін-өзі күту және тұрмыстық дағдыларын дамытуға қолдау көрсетеді. Тіпті, ата-аналарға да психологиялық және консультациялық көмек береміз. Қажет болған жағдайда қысқа мерзімді немесе ұзақ мерзімді кеш беру қызметтері де ұсынылады», – дейді Алматы қаласы Ерте араласу әлеуметтік қызметтер көрсету орталығының директоры Нұрзия Әлімбекова.

Қазіргі күні аталған орталықтың қаланың Бостандық, Әуезов және Түркісіб аудандарынан бөлімшелері ашылған. Демек, әлеуметтік қолдау көкжиегі кеңейіп келеді.

Жалпы алғанда, Қазақстан – әлеуметтік қолдауға көбірек қаржы бөліп, жүйелі әрі көпқырлы қолдау тетіктерін қалыптастырған мемлекет. Бұл – азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жүйелі саясаттың көрінісі.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛІШ.





СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

МОБИЛЬДІ ГЕЙМДЕВ НАРЫҒЫ

«Балаларымызды ойыншыдан жасаушыға айналдыру керек»



Бек Галымжанұлы
Тhreads қосымшасын сүзіп отырып Бек Галымжанұлы
есімді бағдарламашының Алашорда кезеңіне қатысты
ойын бағдарламасын құрып жатқанын оқып қалдық. Ой
қосып, жақсы ойынды жетілдіре түссек деген ниетімізді
айттық. Байқағаным, біз секілді ықыластылар көп бо-
лыпты. Әуелсі сол, «Алашорда» ойынын құрған азамат-
пен сұхбаттасып, оқырманға жеткізуді жөн көрдік.

– Әңгіменің
әлқиссасын
өзіңізден бас-
тасақ. Туған жеріңіз, өскен ортаңыз,
бұл салаға қалай келгеніңіз жайлы
айтып бересіз бе?

– Мен 2002 жылы 30 наурызда Қызылорда қаласында дүниеге келдім. Мектепте оқыған жылдары IT саласы аса дамымаған еді. Нақты осы салада жұмыс істеймін деген ойым болған жоқ. Бірақ үйде компьютеріміз болды. Төрт жасымнан-ақ сол құрылғыны ұстап, қосып-өшіріп көріп, әрбір бөліктерін қарап, қызықтап өстім. Кейін интернет шықты. Интернетті қолдана отырып өз бетімше көп дүниені үйренуге тура келді. Осылайша кішкене кезімнен, цифрлы технология әлеміне еніп кеттім. 2018 жылы Абылай хан атындағы колледжге оқуға түстім. Ойын бағдарламасын құруға деген қызығушылығым сол кезден басталды.

Алғашында Қызылордадағы GrandMaster бағдарламалау мектебінде тәжірибе жинап, Unity дейтін «ойын қозғалтқышын» ашып, өз шама-шарқымды байқап көрдім. О баста бәрі таңсық еді. Өзімді қамшылай түсіп, күрделі бағдарламаларды игеруге бекіндім. CryEngine сынды «ойын қозғалтқышын» біраз зерттедім. Бұл бағытта да өз мүмкіндігім толық ашылмай жатқандай көрінді. Азырқандым. Ең жаныма жаққаны – Unreal Engine болды. 11 айға созылған жобада төрт адам болдық. Сыңарым да жобаға қатысып, идеяларымызды дамытып, әрбір әнтек детальді модельдеп отырды. Өзге әріптестерім болса жобадағы нысандарды орнықтырды, дизайнын қанықтырды, әрекеттерге «жан бітіріп», қасаң көріністерді тұтас оқиғаға айналдырды. Міне, осы жобадан кейін өзімді толыққанды бағдарламашы есебінде сезіне бастадым.

– Мобильді геймдев нарығы жайында айтсаң, бұл саланың басты ерекшеліктері қандай?

– Мобильді геймдев дегеніміздің өзі – ойын өндірісі. Қазіргі IT әлеміндегі ең серпінді, ең табысты, бірақ сонымен бірге ең қиын нарықтың бірі. Ең басты ерекшелігі – қолжетімді әрі жылдам. Компьютер бәрінде бірдей бола бермеуі мүмкін,

ал смартфонды жоқ адам кемде-кем. Сондықтан мобильді ойындардың аудиториясы шексіз. Бәсеке жоғары. Егер ойын қолданушыны алғашқы 30 секундта баурап ала алмасаңыз, ол ойынды өшіріп тастайды немесе қайтара ашпайды. Сондықтан мұнда тек мықты бағдарламашы болу жеткіліксіз. Психологияны, трендтерді түсініп, мықты дизайн, ерекше модель ұсына білу керек.

Ұшан-теңіз пайдаға кенеліп отырған алпауыттардың стратегиясы әртүрлі. Қытайлық Tencent конгломерат – мобильді қазіргі нарықтың көшбасшысы. Бәріміз білетін «PUBG Mobile» мен «Honor of Kings» солардікі. Оған қоса, Riot Games (League of Legends) сияқты әлемдік алып студияларды толық сатып алып, индустрияны уысында ұстап отыр. Бұлардан Sony компаниясы да қалыспайды. Олар нарықты кино деңгейіндегі, сюжеттік эксклюзивті ойындарымен баурап алады. Мысал ретінде «God of War» пен «The Last of Us» секілді. Microsoft, miHoYo деген компанияларды білесіз. Жалпы, қазір бұл алыптардың арасындағы бәсеке тек «кім жақсы ойын жасайды» дегеннен, «кім жасанды интеллектіні (AI) өндіріске тезірек енгізеді» деген бағытқа көшті. Көптеген студиялар AI көмегімен кейіпкерлерді жасау уақытын 15 күннен 1 күнге дейін қысқартып жатыр. Біздің жас мамандар ойын өндірісіне келгенде, нарықтың осы жаңа қарқынын міндетті түрде ескергені дұрыс.

– Өз дарындыларымызды қалай осы нарыққа бағыттауға болады?

– Біздің балалардың әлеуеті өте жоғары. Олар технологиямен бірге өсіп келеді. Қазақ балалаларын «тұтынушы» деңгейінен «жасаушы» (creator) деңгейіне өткізу үшін, ең алдымен, қасаң қағидалардан арылу қажет. Бізде әлі де баласы ойын ойнаса, оны бос уақыт өткізу, зиянды әдет деп көреді. Қоғамға «Балаңыз ойын ойнап қана қоймай, оны өзі жасап, ертең-ақ үлкен табыс таба алады» деген ойды сіңіруіміз керек. Геймдев – бағдарламалау, математика, сурет салу, сценарий жазу және музыканың тоғысқан жері. Яғни кез келген талантты бала бұл салада бақ сынай алады.

Екіншіден, балаларымызды ерте жас-

тан осы салаға қызықтыруымыз керек. Баланы бірден күрделі C# немесе C++ тілдерімен қорқытпай, мектеп қабырғасынан бастап визуал конструкторлар арқылы (мысалы, Scratch, Roblox Studio немесе Minecraft-та код жазу арқылы) ойын логикасын түсіндіру керек. Ойын ойнауды жақсы көре ме, онда өз ойыншығын өзі құрастырып алсын.

Үшіншіден, эко-жүйе мен геймдев-қоғамдастықтар құру керек. Бізге мектептер мен университеттер жанынан жасөспірімдерге арналған геймдев-клубтар, хака-тондар (қысқа мерзімді жарыстар) мен Game Jam-дарды көптеп ұйымдастыру қажет. Қазір де жоқ емес. Бірақ санын молайту керек. Балалар топқа бірігіп, 2-3 күн ішінде өздерінің алғашқы қарапайым ойын кейіпкерлерін жасап көрсе, олардың көзінде от жанады, өзіне деген сенім артады. Өзіміз де осындай процестерден өтіп, қазір ерекше жобаларды қоғамға ұсынып жатырмыз. Егер біз балаларымызға бағыт-бағдар беріп, Unity немесе Unreal Engine сынды заманауи құралдарды ерте жастан меңгеруге жағдай жасасақ, жақын болашақта әлемдік деңгейдегі хит ойындарды дәл біздің қазақ балалары жазып шығатынына кәміл сенемін.

– Сіз жасаған «Алашорда» ойыны әлеуметтік медиа алаңында, әсіресе, жастар арасында жақсы талқыланып, қолдау тапты. Бұл ойынды дайындау идеясы қайдан, қалай басталды?

– Бірден айтайын. Бұл жобаның идеясы маған емес, Қызылорда қаласы, Sur Bilimi мектебінің 10-сыныбында оқитын Кәусар Еркінқызы мен Несібелі Абдумұнап деген оқушыларға тиесілі. Екі оқушы 2гис қосымшасы арқылы мені тауып алып, хабарласты, жеке идеясын айтты. Ұнатып, бірден келістім. Жоба күрделі еді. Демонұсқасын дайындаудың өзіне 2 ай уақыт жұмсадық. 3D моделін қалыптадым, сандизайнын сыздым, кодтарын өзім жаздым. Ақпарат жинау процесі де істі біраз бөгеді. Қазір ерекше қуанамын. Авторлардың бірегей идеясы негізінде бұл ойынды жарыққа шығардық. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ Алаш идеясын заманауи геймдев тілінде сөйлеткен Кәусар мен Несібелі сияқты қарындастарымыздың қадамы – бүкіл қазақ жастарына үлгі. Біз осындай жас таланттардың идеясын дер кезінде байқап, қолдау көрсетсек, қазақ геймдеві жаһан нарығының төріне шығатын болады.

– «Алашорда» ойынында тарихи деректер, арыстарымыздың алып тұлғасын әйгілейтін детальдар пайдаланылды ма?

– Ойынның әрбір деталін, сюжетін, кейіпкерлердің болмысын барынша сол дәуірдің атмосферасына келтіріп, нақты тарихи деректерге сүйене отырып жасап шығуға тырыстық. Ойынды әзірлеу барысында Threads платформасындағы белсенді қазақ жастары, жас тарихшылар, жас журналистер мен әдебиетшілер де барынша атсалысты. Әсіресе, қазақ тілінде сауатты мәтін жазу, сөйлем құрау, ана тіліміздің стилистикасын сақтау жағына келгенде ерекше қолдау көрдік. Тұтас бір буынның Алаш идеясын жаңғыртсақ деп демегені бізге ерекше шабыт берді. Сондықтан мен бұл ойынды тек авторлардың ғана емес, ұлттық құндылыққа, ұлт тарихына бей-жай қарамайтын бүкіл қазақ жастарының ортақ жетістігі деп білемін.

– Ұлттық санамызға серпін берер жобаларды жарыққа шығаруда қиындықтар бар ма? Қандай түйткілдерге назар салсақ, шешімін тапсақ, дұрыс болар деп санайсыз?

– Әрине, қазақ дүниетанымы мен ұлттық санасына серпін беретін тарихи жобаларды, оның ішінде өзіміз жасаған «Алашорда» секілді ойындарды жарыққа шығарудың өз қиындықтары бар. Әсіресе, тарихи деректер, нақты ақпараттар жетіспейді. Қазір жастардың барлығы дерлік ақпаратты ғаламтордан іздейді ғой. Алайда, біздің тарихымыз, тұлғаларымыз

бен мәдениетіміз туралы ашық, дәйекті, деректі әрі шынайы мәліметтер тапшы. Көбіне орыс немесе ағылшын тіліндегі дереккөздерге жүгінуге мәжбүр боламыз. Қазір бар назарымызды интернет желісіне аударып, қазақша әрі сапалы контенттер салуға ден қоюымыз керек.

Ашық деректер қорын молайтқанда ғана заманауи жобалардың сапасы артады. Бұлай дейтінім, геймдефте жәй ғана код жазып қоймайсыз. Ойын индустриясының өзі біздің ұлттық ғылымның жан-жақты дамуын қажетсінеді. Егер журналистеріміз, тарихшыларымыз, әдебиетшілеріміз, мәдениеттанушыларымыз өз зерттеулерін заманауи, ашық цифрлық форматқа көшірсе, ұлттық ойын индустриясына да кеңінен жол ашылады. Ойын жасаушыларға дайын, сапалы, ғылыми база керек. Тарихымызды интернетте ашық әрі дәйекті түрде сөйлетсе алсақ, жастардың ұлттық кодты заманауи трендтер арқылы қабылдауы әлдеқайда жеңілдейді.

– Таяу арадағы жоспарыңыз жайлы айтып берсеңіз...

Осы жобаларымды жалғастырсам, әлі де толықтыра түссем деймін.

– Ойынға ықыласты балаларымыздың психологиясы, интернеттегі қауіпсіздігі де алаңдатады. Балаларымызды қалай қорғай аламыз?

– Дұрыс байқап отырсыз. Бұл – қазіргі қоғамды, әрбір шаңырақты алаңдатып отырған өзекті мәселе. Бала психологиясы мен интернеттегі қауіпсіздік мәселесін бірге қараған дұрыс. Бірінші кезекте ата-аналардың цифрлық сауатын (цифрлық гигиенасын) арттыру қажет. Біз сонда ғана балаларымызға қорған бола аламыз.

– Жас бағдарламашыларға, осы салада жетістікке жетсем деп жүрген жастарымызға айтар кеңесіңіз бар ма?

– Менің осы GameDev саласында жүргеніме, бұл әлемнің қазынасына қол созғаныма 8 жыл уақыт болыпты. Бұл салада талант қана емес, табандылық пен төзімділік сынды қасиеттер де аса маңызды. Алғашқы код жазылмауы мүмкін, жобада қателер шығуы мүмкін, тіпті алғашқы идеяларыңыз сәтсіздікке ұшырауы да ғажап емес. Бірақ соның бәрі үлкен тәжірибе. Бастысы, қайтпау керек. GameDev – қиындықтардан қорықпайтын, өз ісіне ғашық жандардың кеңістігі. Осы жолда жүрген әрбір іні-қарындасымызға сәттілік тілеймін!

– Сізге де толайым табыс тілейміз! Сұхбаттасқан Дастан ҚАСТАЙ.

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

ШЕТЕЛДІКТЕРДІ
ҚЫЗЫҚТЫРҒАН ШАҒАР

Кейінгі жылдары Алматы бүкіл Орта Азияның туризм картасында көшбасшы орнын нығайтып келеді. Шетелдік қонақтардың қызығушылығы да арта түсті. Халықаралық Mastercard Tourism Insights және D/Al Destinations платформаларының мәліметінше, 2026 жылдың бірінші тоқсанында Алматыға бағытталған ұшақ билеттерін іздеу сұранысы өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда, 71%-ға артқан.

екен. Ерекше әдемілігімен қатар ауасы да қатты ұнады. Сіздерде табиғат та, мәдениет те, адамдар да, тіпті тағамы да ерекше. Алдағы күндері тауға барып, Қазақстанның табиғатын жақынырақ танығым келеді. Меніңше, бұл елде әлі де ашылмаған, зерттелмеген қызықты орындар көп секілді. Сондықтан Қазақстанға қайта оралғым келеді, – дейді ол.

Бұрын біз туризмді тек «шетелдіктерге қызмет ету» деп түсінсек, бүгін ол екі бағытта тең дәрежеде дамып келеді. Бір жағынан, отандық туристер еліміздің ішкі туризмін игеріп, өз жерін танып, бағалай бастады. Бұған Көлсайда демалып жүрген мыңдаған адам дәлел. Екінші жағынан, шетелдік туристердің қызығушылығы артып, Алматы бүкіл әлем үшін Орта Азияға кірер қақпаға айналғандай. Ал бұған Көктөбеде кездестірген қонақтарымыздың лебізі дәлел.

Көлсай – табиғаттың
тамашасы

Таңғы уақытта Көлсайға жетсеңіз, бұл ғажайып мекеннің әлемге неге сонша танымал болып бара жатқанын бірден түсінесіз. Жан сергітер таза ауа, мөлдір су, аспанмен астасқан таулар мен көл бетіндегі тыныштық ерекше әсер қалдырады. Көлсайдың өзін былай қойғанда, оған апарар жолдың өзі көзартарлық. Жолда отбасылық көліктер, жастар тобы жалға алған автокөліктер, шағын автобустар зулап жатыр. Бұрын тек демалыс күндері адам көбейетін болса, биылғы саяхатшылар жұмыс күндері де Көлсай шатқалын лық толтыруда. Соның өзі отандық туризмнің тың серпілісін көрсетіп тұр.

Сұраныс қашанда нарықтың қозғаушысы, қазір Көлсай маңында демалыс үйлері мен қонақүйлер саны ерекше көбейген. Ең қызығы – олардың ешқайсысы бір-біріне ұқсамайды. Кейбіреуі ұлттық ою-өрнектермен безендірілген, ағаштан салынған дәстүрлі стильде болса, басқалары заманауи минимализм дизайнмен ерекшеленеді.

Көлсайдың бірінші көліне жеткенде көз алдыға келген көрініс сөзбен айтып жеткізгісіз: көкшіл түсті суы мен көкжиек-

тегі таулардың сызығы бір-бірімен аста-сып, ешқандай суретші сала алмайтын нағыз табиғат туындысын жасап тұр. Көптеген жас отбасы бұл сұлулыққа тамсанып жүрсе, жастар су жағасында суретке түсіп әлек. Ал егде кісілер болса саф ауаны рахаттана жұтып жәй ғана демалып отыр.

Осы жерде алматылық Айгерім Бақытбекқызы мен Ақмарал Бақытқызын кездестірдім. Айгерім Көлсайға бұрын да келгенін, бірақ мұнша көп адамды көрмегенін айтады.

– Біз әдетте шетелге құмартып жатамыз. Ғажаптың бәрі өзімізде де бар. Көлсайда туристердің қызығушылығын арттыратын атқа міну, садақ ату секілді демалыс түрлерінің пайда болғаны қуантады, – дейді ол.

Ал құрбысы Ақмарал болса, бұл жердің табиғатын сақтау мәселесін де назардан тыс қалдырмауды айтты.

– Әрине, еліміздің осындай көркем табиғатын көруге көп адамның келетіні қуантады. Сол себепті, жауапкершілік те арта түседі. Көлсай – біздің ортақ қазынамыз. Сондықтан мұндай орындарды тек тамашалап қана қоймай, қорғай білу де маңызды. Біз балаларымызға да осындай сұлулықты көрсетуіміз қажет. Оларға табиғат байлығын қорғай білу жауапкершілігін де сіңіре беруіміз керек, – дейді ол.

Айтылған пікірлерден бірнәрсе анық болды: отандық туристердің талабы да өзгеріп жатыр. Олар тек «барып, көріп келу» емес, сол жердің табиғатын, мәдениетін түсініп, құрметтеп, келесі ұрпаққа сақтап қалуды да ойлай бастады.

Көктөбедегі
Винод пен Диди

Алматыға келген туристердің басым бөлігі міндетті түрде б а р а т ы н орындардың бірі – Көктөбе. Қаланың дәл ортасынан аспалы жолмен көтерілген сәттен-ақ шаһар алаңандағыдай көрінеді.

Үндістаннан келген Винод (Vinod) есімді жігіт Алматыдан ерекше әсер алғанын айтады.

– Қазақстанға алғаш рет келіп тұрмын. Бұрын бұл елді тек картадан көріп, табиғаты туралы ғана еститінмін. Ал Көктөбеге көтерілгенде, көз алдымағы көрініс мені ерекше таңқалдырды. Биіктен қарағанда Алматының әсемдігі мен жалпы көрінісін сөзбен жеткізе алмаспын. Қазақстанның табиғаты ғана емес, адамдарының мейірімділігі де ерекше әсер қалдырды. Осында жүрген күндерімде жергілікті халықтың қонақжайлығын ерекше сезіндім. Сондықтан бұл жерге келуге достарыма да, жақындарыма да міндетті түрде кеңес беремін, – дейді ол.

Ал Таиландтан келген Диди (Didi) есімді ару өз елінің ыстық климатынан кейін Алматының ауасы мен салқын самалын сезінгенде ерекше сезімде болғанын айтады.

– Мен Азия елдерін көп аралағанмын. Кезек Алматыға да келген еді және есте қаларлықтай қала болды. Көктөбеде тұрып, төмендегі қала мен алыстағы тауларды көргенде, дүние шексіз сияқты сезіледі



Коллаж: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ГАСТРОНОМИЯ



Алматының асханасы – әлем назарында

Алматы Eater басылымының «Where to Eat 2026» гастрономиялық бағыттар тізіміне енді. Шаһар Орталық Азиядағы басты гастрономиялық бағыттардың бірі ретінде танылды. Бұл туралы қалалық Туризм басқармасы хабарлады.

Eater – әлемдегі ең ықпалды гастрономиялық басылымдардың бірі. Бұл тізімге ену Алматының халықаралық беделін арттырып, гастрономиялық туризмнің дамуына серпін береді.

Басылымның мәліметінше, соңғы жылдары Алматы өңірдің маңызды ас-


паздық орталығына айналды. Қалада алғашқы Almaty Food Fest фестивалі өтіп, алғашқы ресми гастрономиялық гид жарық көрді. Алматы асханасы қазақтың көшпелі дәстүрін ұйғыр, өзбек, орыс, корей, түрік және үнді тағам мәдениетімен ұштастырады. Ет, қазы, сам-

са, бауырсақ пен лағман – осы алуандықтың айқын көрінісі.

Сондай-ақ, Eater Алматыдағы шай ішу дәстүріне ерекше назар аударып, туристерге қазы мен сәбіз қосылған палаудың дәмін татуға кеңес береді. Басылым жергілікті мейрамханалардың көптігі саяхатшыларға қазақтың ұлттық асханасымен жақынырақ танысуға мүмкіндік беретінін атап өткен.

**Бетті әзірлеген
Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.**

ҒЫЛЫМ



Кеңістік. Он сегіз мың ғалам. Шексіз ғарыш әлемі тылсым құбылысқа толы. Осы жұмбақтың сырын білу үшін біз Алматының таулы бөктерінде орналасқан Ионосфера институтының зертханасына бас сұқтық. Біз байқай бермейтін, бірақ 300 метрлік терең ұңғымалар мен ғарыш серіктері ғана тіркейтін аспан мен жердің арасындағы көзге көрінбес байланыстың құпиясы неде? Отандық ғалымдармен сұхбаттасып қайттық.



КӨК ПЕН ЖЕРДІҢ ТАМЫРШЫСЫ

Алматыдағы Ионосфера институтындағы бір күн

Сұрақ-жауапқа көшпес бұрын, Ионосфера институты жанындағы Литосфера-лық-ионосфералық процестер динамикасы зертханасының меңгерушісі, ғалым Назив Салихов бізге қазір жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулердің жай-күйін баяндап берді.

Таудағы құпия зертхана

«Бұл зертхананың негізгі бағыты – литосфералық-ионосфералық процестердің динамикасын зерттеу. Яғни түрлі геофизикалық өрістерді, олардың құбылыстарын үздіксіз бақылап отырамыз. Соның нәтижесінде жер сілкінісі кезінде және ең бастысы, ол басталғанға дейін пайда болатын әсерлерді анықтаймыз», – деді зертхана меңгерушісі.

Ғалымның айтуынша, ғылыми ізденістердің түпкі мақсаты тереңде жатыр. «Егер ашығын айтсақ, жер сілкінісінен алдын ала хабар беретін аномалиялық өзгерістерді, яғни жер сілкінісінің «хабаршыларын» іздеумен айналысамыз. Түптеп келгенде, біздің барлық жұмысымыз болашақта жер сілкінісін қысқа мерзімде болжауға бағытталған» деп атап өтті Назив Салихов. Ол қазіргі уақытта бұл бағыттағы зерттеулер бастапқы кезеңтен әлдеқайда алға жылжып, маңызды даму сатысына көтерілгенін тілге тиек етті.

«Тәжірибелік базамызды мақтан ете аламыз. Биік таулы аймақта орналасқан институттың геофизикалық обсерваториясында электромагниттік және ионосфералық құбылыстарды өлшеумен кешенді түрде айналысамыз», – деді ғалым.

Назив Салихов алдымен обсерваторияның техникалық мүмкіндіктеріне тоқталып өтті. Таудағы Космостанция базасындағы нысанда тереңдігі шамамен 300 метр болатын арнайы ұңғыма бар екен. Оның ішіне заманауи ғылыми құрал-жабдықтар орнатылған. Зертхананың терең ізденістерге бет бұруына негіз болған нақты нәтижелер де жоқ емес. Ғалым 2017 жылдың 30 желтоқсанында Алматы маңында болған жер сілкінісін мысалға келтірді:

«Бұған дейінгі ғылыми тәжірибемізде мұндай гамма-кванттар ағынының күрт өсуі тіркелгеннен кейін, шамамен 5–7 күннен соң жер сілкінісі болатын. Осы деректерге сүйеніп, тура сондай уақыттан кейін жер сілкінісі болатыны туралы нақты ғылыми болжам жасадық», – деп еске алды зертхана меңгерушісі.

Біз ғалымнан атмосфера мен ионосфераның бұл процестегі рөлі туралы сұрағанымызда, былай деп түсіндірді:

«Ионосфера бұл жер бетінен шамамен, 100-ден 350 шақырым биіктікте ор-

наласқан иондалған қабат. Радиотолқындар дәл осы ионосферадан шағылысады. Бізде арнайы сызба бойынша орнатылған радиобергіш және радиоқабылдағыш құрылғы бар. Толқын белгілі бір қабаттан шағылысқан кезде Доплер жиілігінің ығысуын тұрақты түрде өлшеп отырамыз. Ионосфераны жер қойнауында және жер бетінде болып жатқан барлық процестер айнадай шағылысатын ерекше орта деуге болады. Егер литосферадан қандай да бір мазасыздық тудыратын әсерлер шықса, біз оны Доплер жиілігінің ығысуы арқылы бірден тіркейміз», – деді Назив Салихов.

Сұхбат барысында бұл құбылыстың физикалық мәні де сөз болды.

«Жер сілкінісінен бұрын жер қыртысында өте күшті кернеулер пайда болады. Осының әсерінен жер астынан радиоактивті газдар сыртқа шығып, атмосфераның шекаралық қабатын иондайды. Ионосфера оң зарядталған, ал жер теріс зарядталған болғандықтан, олардың арасында тұрақты түрде электр тогы жүріп тұрады. Атмосфераның төменгі қабаты иондалған кезде, бұл токтың жүру бағыты мен күші өзгереді. Ток өзгергендіктен, ионосферадағы электрондық концентрация да құбылады», – деді ғалым.

Отандық зертхана тек жергілікті жер сілкіністерін ғана емес, әлемдік деңгейдегі ірі сейсмикалық оқиғаларды да бақылап, талдап отырады. Ғалым 2023 жылы Түркияда мыңдаған адамның өмірін қиған жойқын жер сілкінісін мысалға келтірді.

«Біз жойқын сілкіністің әсерін Алматыда отырып-ақ акустикалық импульс арқылы тіркедік. Сондай-ақ, жер сілкінісінен шамамен, 8 күн бұрын Доплер жиілігінің ығысуы арқылы ионосферадағы аномалияларды жазып алдық. Әрине, бұл алдын ала айтылған болжам емес, ретроспективті талдау болды», – деді Назив Мунисович.

Ғылымда әлі де зерттеуді қажет ететін дүниелер жеткілікті.

«Ғылымда түсініксіз, механизмдері әлі толық ашылмаған кез келген құбылыс жұмбақ болып көрінеді. Мәселен, адамдар арасында «аспанда ерекше бұлт пайда болды, содан кейін жер сілкіні» деген сияқты әңгімелер айтылып жатады. Бірақ біз, ғалымдар, нақты дерекке сүйенеміз. Мен жоғарыда айтып өткен ұңғыма ішіндегі ерекше құбылыстар нағыз ғылыми тұрғыдан қызықты әрі жұмбақ процестердің дәлелі. Әрине, бұл бағытта әлі де сұрақтар мен кедергілер аз емес. Дегенмен, осы екі сәтті тәжірибе зерттеулеріміздің дұрыс бағытта келе жатқанын толықтай айғақтайды», – дейді меңгеруші.

Ғарыштан төнер қауіп қандай?

Институт тек жер қойнауын ғана емес,



Күн мен Ғарыштан келетін қауіпті де қатар бақылап отыр. Бүгінде мұндағы ғалымдар аспан әлемін зерттей отырып, еліміздегі орман өрттерін ғарыштан секунд ішінде анықтайтын бірегей жүйені іске қосқан. Ионосфера институты Халықаралық қатынастар бөлімінің басшысы Алена Елисеєва жоба туралы айтып берді.

«Ғарыш спутниктері елімізді күніне бірнеше рет суретке түсіреді. Олардың арнайы жылу сезгіш арналары бар. Жер бетінде қызу көтерілсе, спутник оны бірден сезеді. Бұрын бұл деректер шетелдік станциялар арқылы сәл кешігіп келетін. Қазір өзіміздің қабылдау станциямызды орнаттық. Енді өрт ошақтары туралы ақпарат порталға небәрі 15 минутта шығады. Бұл Төтенше жағдайлар қызметі үшін таптырмас құрал», – дейді маман.

Оның айтуынша, бұл жүйе тек өртті тіркеп қана қоймайды, алдағы 14 күнге болжам да жасайды. Спутник арқылы ағаштардың қаншалықты құрғап кеткенін, топырақ ылғалдылығын анықтауға болады.

«Ең бастысы, біз өрттің таралу моделін құрастырдық. Өрт шыққан сәтте желдің бағыты, айналадағы өзен-көлдер мен жолдар есепке алынып, тілсіз жаудың қай жаққа қарай бет алатыны бірден анықталады. Бұл жүйені біз ТЖМ Дағдарыстық жағдайларды басқару орталығына және «Қазақстан ғарыш сапарының» «Тосқын» платформасына біріктірдік», – деді ол.

Полярлық шұғыла

Институттың аға ғылыми қызметкері Ботакөз Сейфуллина Күн мен Жер арасындағы процестердің адам көзіне көрінетін ең әдемі құбылысы – полярлық шұғыла туралы қызықты деректерді бөлісті.

«Әдетте туристер бұл ғажайып сұлулықты көру үшін полюске жақын елдерге арнайы саяхаттап жатады. Күшті геомагниттік дауылдың біздің көзімізге көрінетін бір белгісі ғана. Егер Күндегі жарылыс өте қуатты болып, Жердің магнит

өрісі қатты толқыса, бұл шұғыла Қазақстан аспанынан да анық көрінеді. Бізде мұндай жағдайлар тіркелген, фотодектер де бар», – деді Ботакөз Сейфуллина.

Оның айтуынша, қазіргі уақытта ғалымдар халықаралық стандарттарға сай, шетелдік әріптестерімен бірлесіп, ғарыштағы барлық өзгерістерді нақты уақыт режимінде бақылап отыр. Қандай да бір ақау немесе ерекше құбылыс байқалса, мониторинг жүйесі оны сол мезетте тіркейді.

«Қазгидромет» жердегі ауа райын болжаса, біз «ғарыш ауа райын» зерттейміз. Ғарыштағы ең қауіпті нәрсе – радиация және электромагниттік толқындар. Күн белсенділігі артқанда ғарыштағы радиация фоны күрт көтеріледі. Бұл ең алдымен ашық ғарыштағы астронавтар мен орбитадағы жасанды серіктерге үлкен қауіп төндіреді. Сондай-ақ, жердегі навигациялық жүйелер мен құрылғылардың жұмысын бұзуы мүмкін. Сондықтан біз бұл параметрлерді жіті қадағалаймыз», – деді аға ғылыми қызметкер.

Ботакөз институттың арнайы сайты арқылы алдағы 6 күнге арналған геомагниттік болжамды тұрақты ұсынып отыратындарын айтты:

«Мәселен, бүгінгі болжамда магнит өрісінің картасы сары түспен белгіленіп тұр. Шағын магниттік ұйытқулар, яғни белгілі бір процестер болуы мүмкін деген сөз. Ал алдағы бес күнде жағдай толық тұрақты, ешқандай геомагниттік дауыл күтілмейді».

Цифрлық ионозонд

Сұхбат соңында Ботакөз Сейфуллина институт аумағында орналасқан, сырттай қарағанда үлкен антеннаға ұқсайтын ерекше құрылғыны көрсетті. Ол – цифрлық ионозонд деп аталатын негізгі құралдардың бірі.

Бұл құрылғы ионосферадағы барлық қозғалысты нақты уақытта қабылдап, ғалымдарға нақты дерек беріп отырады екен. Біз де институт ауласына шығып, ғарыш тынысын бақылап тұрған осы алып құрылғыны суретке түсіріп алдық.

Ионосфера институтындағы бір күніміз ғарыштық ауа райының құпияларына бойлаумен өтті. Алматылық ғалымдардың халықаралық стандарттарға сай жасап жатқан мониторингтің мен цифрлық ионозонд секілді бірегей құрылғылардың жұмысы отандық ғылымның әлеуетін көрсетеді. Әрине, ғарыш кез келген сәтте тосын мінез көрсетуі мүмкін, алайда оны нақты уақыт режимінде болжап отырған мамандар барда байланыс үзілмейді, технология тұраламайды.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

Коллаж: Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.



ДЕНСАУЛЫҚ. ПСИХОЛОГИЯ. РУХАНИЯТ

Құндылықтарды ұштастырған халықаралық форум

Алматыдағы Республика сарайы алаңында Ахалықаралық GLOBAL FORUM NEW ME 360 форумы өтті. Форум екі күн бойы денсаулық сақтау, ұзақ өмір сүру, психология, сұлулық индустриясы, заманауи медицина және жасанды интеллект технологиялары саласындағы өзекті трендтерді күн тәртібіне шығарды.

Іс-шараға әлемнің түрлі мемлекетінен 100-ден астам сарапшы, дәрігер, ғалым, психолог, кәсіпкер және қоғам қайраткері қатысты. Форум аясында денсаулық пен ұзақ өмір сүрудің жаңа тәсілдері, заманауи медицина мен пластикалық хирургиядағы инновациялар, психологиялық саулық және тұлғалық даму, әйелдер мен ерлер денсаулығы, сұлулық индустриясының болашағы, жасанды интеллект пен технологиялардың адам өміріне әсері тақырыптары кеңінен талқыланды.

Сондай-ақ, форуммен қатар NEW ME EXPO көрмесі өтіп, онда жетекші клиникалар, медициналық орталықтар, wellness және beauty брендтері, білім беру жобалары мен инновациялық технологиялар таныстырылды. Ең әсерлі болған сәт – осындай форум болатынын естіген, ЭКО-мен сәбилі болған алматылық ерлі-зайыпты да екі жасар сүйкімді қызын құшақтап арнайы келіпті. Дәрігерлерге алғысын көпшілік алдында, Республика сарайының төрінде жеткізді сөйтіп.

GLOBAL FORUM NEW ME 360-тың негізгі ерекшелігі – адамның өмір сапасын тек эстетика немесе медицина тұрғысынан ғана емес, денсаулық, психология, руханият және отбасы құндылықтарын біртұтас жүйе ретінде қарастыруы болды. Форум бағдарламасында пластикалық хирургтер, дәрігерлер, психологтар, қоғам қайраткерлері мен медиа тұлғалар осы тақырыптарды әр қырынан талқылады.



Нұрлан БАЙЖІГІТҰЛЫ,
теолог, дінтанушы:

– Қоғамдағы көптеген мәселенің түп-тамыры отбасының әлсіреуінен басталады. Ал отбасы – адамның алғашқы мектебі, имандылықтың бастауы, ұлттың болашағын қалыптастыратын орта.

Бақыт – материалдық байлық емес. Адамның бай болуы оның бақытты екенін білдірмейді. Шынайы бақыт жүрек тыныштығында, отбасындағы сыйластықта, адал еңбекте. Ер мен әйелдің некесі құқық қана емес, ол – аманат. Отбасында өзара құрмет, сабыр, кешірім, диалог жетіспесе, жанжал көбейеді. Баланың тәрбиесі сөзбен емес, ата-ананың ісімен қалыптасады. Ең жақсы тәрбие – әкенің жауапкершілігі, ананың мейірімі, отбасының бірлігі. Ал жүректе тыныштық, шаңырақта береке болса, деніміз де сау болады деген сөз.



Ләйлә СҰЛТАНҚЫЗЫ,
тележүргізуші, «Мариям – Қазақстан» қорының жетекшісі:

– Қазір елімізде репродуктивті технология қарқынды дамып келеді. Медицина дамыған сайын қоғам алдында жаңа этикалық сұрақтар туындайды. Мысалы, ЭКО, суррогат ана, донорлық туралы. Бұл мәселелерді тек медицина

тұрғысынан емес, отбасы, құқық, мораль, қоғам тұрғысынан қарастыру қажет. Көпшілік бұл мәселелер туралы толық ақпарат алмай жатып шешім қабылдайды. Сондықтан дәрігер, психолог, заңгер және дін маманы бірлесе жұмыс істеуі маңызды.

Өзім де эко орталықтарына көп бардым. Мұнда жастардың көп жүргеніне таңғалдым. Себебі, жасанды ұрықтандыруға сәби сүйе алмай жүрген орта жастағы ерлі-зайыптылар ғана келеді екен деп ойлаппын. Алайда, дәрігерлер бедеулік қазір жасарып кеткенін айтуда. Менің өмірімдегі үлкен жетістіктердің бірі – осы уақытқа дейін 70 отбасына көмек бердік. Қазір 26 нәресте дүниеге келді.



Айжұлдыз АДАЙБЕКОВА,
актриса, модель, дизайнер,
Sez.app мобильді қосымшасының негізін қалаушы:

– Біз психологиялық денсаулық және тұлғалық даму мәселесін де ұмытпауымыз керек. Адамның сыртқы өзгерісі ішкі өзгеріссіз ұзаққа бармайды. Көпшілігіміз өзімізді өзгемен салыстырамыз. Ал салыстырудың салдары өзін төмен бағалауға, күйзеліске, эмоционалдық шаршауға әкеледі.

Нағыз даму – бұл кешегіден бүгін жақсы болу. Эмоцияны сауатты басқару білу де маңызды. Шыны керек, қазіргі әйел отбасы, жұмыс, қоғам, өзін дамыту арасында тепе-теңдік сақтауға тырысады. Сондықтан бәріне үлгеріп, ол үшін өзін күту, әдемі болып жүруге ұмтылу – эгоизм емес, қажеттілік. Адам өз өміріне жауапкершілік алғанда ғана өзгереді.

Нұржамал ӘЛІШ.



Алматы қаласы әкімдігі мен Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен Алматы онкологиялық орталығында Қазақстанда алғаш рет ExasTrac Dynamic Brainlab инновациялық позициялау жүйесі іске қосылды. Бұл жүйе сәулелік терапия кезінде пациенттің дене қалпын нақты бақылап, ісіктің орналасуын дәл анықтауға мүмкіндік береді. Соның арқасында сәуле ісікке барынша дәл бағытталаып, сау тіндердің зақымдану қаупі азаяды. Технология мүмкіндігі онкологиялық ауруларды емдеудің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға ықпал етеді.

Жаңа жүйе әртүрлі орналасқан ісіктерді, соның ішінде бас миындағы ісіктер мен көптеген метастаздарды емдеуде қолданылады. Емдеу сеансы барысында ол пациенттің дене қалпын, тіпті тыныс алуға байланысты кішігірім қозғалысты да үздіксіз бақылап

Технология мүмкіндігі

отырады. Қарапайым тыныс алу кезінде пациенттің қалпы өзгерсе, жүйе сәулелендіруді автоматты түрде тоқтатады. Бұл жоғары сәуле дозасын ісікке барынша дәл бағыттауға, ал айналасындағы сау ағзалар мен тіндерді қорғауға мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде емнің тиімділігі артып, пациенттердің өмір сүру сапасын сақтауға ықпал етеді. Айта кетейік, орталықта күн сайын шамамен, 100 алматылық сәулелік терапия курсынан өтеді.

Алматы онкологиялық орталығының сәулелік терапия бөлімшесінің меңгерушісі Евгений Ишкининнің айтуынша, жаңа жүйені енгізу жоғары технологиялық онкологиялық көмекті дамытудағы маңызды қадам болды.

– Бұл жүйе рентгендік, оптикалық және термалды 3D-визуализацияны пайдалана отырып, пациенттің дене қалпын алты координат бойынша үздіксіз бақылайды. Тіпті, тыныс алуға байланысты аздаған қозғалыстың өзі емнің дәлдігіне әсер етуі мүмкін. Сондықтан қандай да бір ауытқу анықталған жағдайда сәулелендіру автоматты түрде тоқтатылады. Бұл жоғары сәуле дозасын ісікке барынша дәл жеткізуге, сау тіндерге түсетін сәулелік жүктемені азайтуға және емнің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді, – деді Евгений Ишкинин.

Дана САДЫРҚАН.





ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ ЕРЕКШЕ АКЦИЯ

Алматыдағы Арбатта «Нарко-Астоп» жобасы аясында есірткіге қарсы акция өтті. Іс-шара Халықаралық сипат алып, Есірткіге қарсы күрес күніне орай ұйымдастырылды.

Акцияны «Ақпараттық-ресурстық орталық» қоғамдық қоры өткізді. Ал іргелі іс-шараны Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы қолдады. Негізгі мақсат – жастар арасында нашақорлықтың алдын алу, есірткінің зияны туралы ақпарат тарату және салауатты өмір салтын насихаттау.

Бағдарлама аясында Nomad MMA және Combat Jiu Jitsu чемпиондары салауатты өмір салтын насихаттап, өзін-

өзі қорғау тәсілдерін таныстырды. Құқық қорғау органдары да арнайы қойылым ұсынды.

Іс-шара барысында ақпараттық алаң жұмыс істеп, қатысушыларға кеңестер мен ақпарат қағаздары таратылды, спорттық сайыстар ұйымдастырылды. Ұйымдастырушылар мұндай акциялар жастардың есірткіге қарсы көзқарасын қалыптастыруға ықпал ететінін айтты.

«Біздің басты мақсатымыз – жастарға ақпарат беріп, есірткінің адам денсаулығы мен болашағына тигізетін зардабын түсіндіру. Спортты, белсенді өмір салтын және саналы таңдауды насихаттау арқылы есірткіге қарсы берік ұстаным қалыптастыруға ұмтылдық», – дейді ұйымдастырушылар.

Акция соңында тұрғындар ой бөлісіп, ұйымдастырушыларға сұрақ қойды. Сондай-ақ салауатты өмір салтын ұстану

қағидаларын пысықтап, есірткісіз қоғам құру қадамдарын талқылады.

Шаһарда жастар арасында есірткінің алдын алу және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған «Наркостоп» жобасы өз нәтижесін беріп келеді. Қалалық Жастар саясаты басқармасының мәліметінше, жыл басынан бері жоба аясында 20 мыңнан астам жасты қамтыған 110-нан астам профилактикалық іс-шара ұйымдастырылған.

Жоба шеңберінде интернет кеңістігінде есірткінің таралуына қарсы күреске ерекше мән берілуде. Бірлескен жұмыстардың нәтижесінде есірткі саудасына қатысты 797 интернет-ресурс бұғатталып, есірткіні насихаттайтын 18 мыңнан астам граффити жойылды. Биыл жоба жаңа бағытпен толықты-

рылып, оңалту және әлеуметтендіру жұмыстары қолға алынды. Қатысушылар үшін қыш өнері мен қолданбалы шығармашылық бойынша шеберлік сабақтары ұйымдастырылып, анонимді алкогольіктер қауымдастығы мен тәуелді жандардың жақындарына қолдау көрсететін ұйым өкілдерімен кездесулер өткізілді. Бұл бағыттағы жұмыстарға бүгінде 110-нан астам адам қатысып отыр.

Жоба жастар арасында есірткі қылмысының алдын алуды, салауатты өмір салтын қалыптастыруды және оларды қоғамдық маңызы бар бастамаларға белсенді тартуды көздейді.

**Дастан ҚАСТАЙ,
Рая ЕСКЕНДІР**
Сурет: С.ҚҰСАЙЫНОВ.

Дрон құрастыратын ару

Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Сұрлық әскерлері әскери институтында болашақ командирлер ғана емес, заманауи технологияларды жетік меңгерген мамандар да даярлануда. Солардың бірі – кіші сержант Динара Телеуова.

Ол Отан қорғаушы мамандығының ер мен әйелге бөлінбейтінін өз ісімен дәлелдеп келеді. Динара әскери дайындықтың саптық, атыс және тактикалық сабақтарымен қатар, ұшқышсыз авиациялық жүйені терең меңгеруге ерекше қызығушылық танытады. Ол FPV-дрондарды өзі құрастырып, электрондық бөлшектерін орнатады, ұшу контроллерлерін баптап, алғашқы сынақ ұшуына дейін толық тексерістен өткізеді.

«Әрбір дрон – күрделі инженерлік жүйе.

Оның сенімді жұмыс істеуі үшін электроника, бағдарламалық қамтамасыз ету және аэродинамика негіздерін жақсы білу қажет. Мен үшін бұл жәй ғана қызығушылық емес, нақты пайда әкелудің мүмкіндігі», – дейді Динара Телеуова.

Қазақ қызының бұл қабілеті – қазіргі әскери қызметшілердің әскери даярлықты озық технологияларды игерумен табысты ұштастыра алатынының жарқын үлгісі. Оның жетістігі өзгелерді де күрделі міндеттерден қорықпай, инженерлік қабілетін дамытып, заман көшінен қалмауға ынталандырады.

Қазақстан Қарулы Күштері жылдан-жылға технологиялық тұрғыдан жаңарып келеді. Ал Динара Телеуова сияқты жас мамандар кәсібилік, зияткерлік әлеует және үздіксіз даму арқылы болашақ армиясының жаңа келбетін қалыптастыруға үлестерін қосуда.

Нұржамал ӘЛІШ.



Мағыналы мурал

Алмалы ауданында «Болашақ үшін – есірткісіз өмір!» атты муралдың ашылу рәсімі өтті. Бұл жоба жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттап, есірткі қылмысының алдын алуға бағытталды.

Панфилов көшесіндегі ғимарат қабырғасына салынған туынды алыстан көзге түседі. Тұрғындарға ой салып, есірткінің зиянына қоғам назарын аударып, жастарды өз болашағына жауапкершілікпен қарауға үндейді. Іс-шараға Алматы қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы, Алмалы ауданы әкімдігі, қоғамдық ұйымдар, жастар бірлестіктері, еріктілер мен тұрғындар қатысты.

Жиында есірткіге қарсы күрес құқық қорғау органдарының, сонымен қатар, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екені айтылды.

Ұйымдастырушылар муралды жастарға арналған маңызды әлеуметтік үндеу ретінде бағалады. Іс-шараның мақсаты – жастарды есірткінің зияны туралы ақпараттандыру, салауатты өмір салтын дәріптеу және қоғамның белсенділігін арттыру.

Аталмыш жоба Алматы қаласы Полиция департаменті мен Алмалы ауданы әкімдігінің бірлескен бастамасымен жүзеге асырылды. «Болашақ үшін – есірткісіз өмір!» бастамасы жастарды зиянды әдеттерден бас тартып, қауіпсіз қоғам құруға шақырады.

Дастан ҚУАНДЫҚҰЛЫ.

Халықтың денсаулығы мен өмір Хсүру деңгейін арттырудағы басты міндеттердің бірі – сапалы ауызсумен қамтамасыз ету. Алматыда осы бағыттағы инфрақұрылымдық жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді.

Шаһар басшысы Дархан Сатыбалды Наурызбай ауданы тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында салынған Ақсай өзеніндегі сүзгі станциясы бар жаңа су тарту нысанының салтанатты іске қосылу рәсіміне қатысты. Қаланың Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы өкілдерінің мәліметінше, жаңа нысан қаланың инженерлік инфрақұрылымын дамытуға бағытталған негізгі жобалардың бірі. Ол қарқынды дамып келе жатқан тұрғын алаптарды сумен жабдықтау жүйесінің сенімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік береді. Нысанның тәуліктік өнімділігі – 22 мың текше метр су.

Жоба аясында су тарту құрылысы мен заманауи су дайындау кешені салынды. Нысанның желілік бөлігінің жалпы ұзындығы 7 шақырым болса, оның 5,9 шақырымы магистральдық су құбырына тиесілі. Сонымен қатар, автокөлік көпірлері, сел өткізгіш құрылыстар, акведуктер, тіреу қабырғалары мен кірме жолдар бой көтеріп, жол белгілері мен қорғаныс қоршаулары орнатылды.

Станцияда суды тазартудың толық заманауи циклі енгізілген. Мұнда радиалды тұндырғыштар, құйынды араластырғыштар, кварц құмы қолданылатын жедел сүзгілер, электролиз және реагенттік блоктар, сондай-ақ суды залалсыздандыру және сусыздандыру жүйелері салынды. Тазартылған суды сақтау үшін жалпы сыйымдылығы 10 мың текше метр болатын екі резервуар қарастырылған.

Барлық технологиялық үдеріс толық автоматтандырылған. Басқару бірыңғай

Тіршілік нәрі

Алматыда 100 мыңнан астам тұрғын сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді



диспетчерлік орталық арқылы жүзеге асырылады. Бұл орталық өзеннен су алудан бастап, оны тазарту және тұтынушыларға жеткізуге дейінгі барлық кезеңді тәулік бойы үздіксіз бақылап отырады. Сондай-ақ, мұнда заманауи мониторинг жүйелері, су шығынын бақылау құралдары және бейнебақылау кешені орнатылған.

Жобаны жүзеге асыру нәтижесінде Алматы қаласының Наурызбай ауданындағы «Таужолы», «Тастыбұлақ», «Таусамалы», «Ақжар» және «Шұғыла» шағынаудандарының, сондай-ақ Қарасай ауданындағы Жаңатұрмыс және Қыр-

ғауылды ауылдарының тұрғындары тұрақты әрі сапалы ауызсумен қамтамасыз етіледі. Жалпы, қамтылатын халық саны 100 мыңнан асады.

Жаңа станцияның пайдалануға берілуі Алматы қаласының сумен жабдықтау жүйесін жаңғыртудағы маңызды қадам саналады. Бұл жоба ауызсуды үздіксіз әрі сенімді жеткізуді қамтамасыз етіп қана қоймай, қаланың одан әрі дамуына қажетті инженерлік әлеуетті күшейтіп, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Сурет: Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Жұрт болып жұмыламыз!

Қаламыздың Тұрақты даму мақсатын жүзеге асыру үшін қоғам болып жұмыла атсалысуы керек. Өңірлік коммуникациялар қызметінде Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі Нұржан Жақыпов осылай деді.



Оның айтуынша, Алматының Тұрақты даму мақсатының іске асырылуын бақылау орталықтың құрылуы осы бағыттағы маңызды қадамның бірі болған. Орталық азаматтық

қоғам өкілдерін, сарапшылар мен талдаушыларды біріктіріп, жүзеге асып жатқан жобаларға тәуелсіз бағалау жүргізіп, қалалық саясатты жетілдіретін ұсыныс әзірлеуге сеп болмақ.

Спикердің сөзінше, қазіргі уақытта ТДМ-ның бірнеше бағыттағы жобалары мен бағдарламасын бақылап жатыр екен. Олардың қатарында теңсіздікті қысқарту, тұрақты қалалық ортаны дамыту, тиімді институттарды нығайту мен тұрақты даму мақсаты жолындағы әріптестікті дамыту бар.

«Қоғамдық мониторингтің басты міндеті – іске асып жатқан бастамаларға объективті баға беріп, қабылданып жатқан шешімнің тиімділігін арттыруға бағытталған практикалық ұсыныс әзірлеу», – деп түсіндірді спикер.

Мониторингтің қорытындылары, сараптамалық талқылаулар мен диалог алаңдарының нәтижесі бойынша мемлекеттік саясаттың тиімділігін жетілдіруге арналған Талдамалық есеп пен ұсыныс әзірленбекші енді.

«Біздің ойымызша, қоғамдық мониторинг қоғам мен мемлекет арасындағы тиімді кері байланыс құралына, сондай-ақ неғұрлым салмақты әрі тиімді шешім қабылдайтын тетікке айналуы тиіс», – деп ой қосты спикер.

Сонымен қатар, Алматыда мемле-

кеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, жастар бірлестіктері мен сарапшылар қауымдастығы қатысқан «дөңгелек үстел» мен сараптамалық кездесу сериясын өткізу жоспарланып отыр. Талқылаудан кейін қалада Тұрақты даму мақсатын одан әрі іске асыруға бағытталған практикалық ұсыныстар тізбесі қалыптасады.

Қоғам қайраткері Қоғамдық мониторинг орталығы қала үшін өзіндік «кері байланыс жүйесіне» айналады деп үміттенеді. Бұл жүйе қол жеткізген нәтижені бағалап қана қоймай, ықтимал сын-қатерді алдын ала анықтауға, тұрғындардың жаңа қажеттілігін айқындап, Алматыны одан әрі дами түсуге ынталандыратын ұсыныс әзірлеуге де мүмкіндік береді.

«Біздің мақсатымыз – Тұрақты даму мақсатын стратегиялық құжаттың бір бөлігі қылып қоя салмай, оны әр алматылықтың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналдыру», – деп атап өткен Нұржан Жақыпов үкіметтік емес ұйымдарды, сарапшылар қауымдастығын, бизнесті, жастар ұйымдары мен қала тұрғындарын осы жұмысқа белсенді түрде қатысуға шақырды.

Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасы Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы тазалық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының директоры бос лауазым орнына орналасуға конкурс жариялайды

Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы тазалық» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны, 050014, Алматы қаласы, «Көкмайса» шағынауданы, 26 Е, телефон 252-62-15.

Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні автомобиль жолдарын пайдалану қағидаларының талаптарына жауап беретін жұмыстар кешенін орындау болып табылады, соның нәтижесінде жолдар мен жол құрылыстарының келіктік пайдалану жай-күйі сақталады.

Кәсіпорын қызметінің мақсаты қаланың көше-жол желісін санитарлық тазалау болып табылады. Кәсіпорын алдына қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) қала көшелерінің жолдарын көктемгі, жазғы және күзгі кезеңде күтіп ұстау бойынша жұмыстарды бөлу жолағындағыуу қоқысты жинау, оны тиеу және қоқыс төгілетін жерге шығару, бөлінген белдеулерді шабу және шабылған шөпті жинау, қала көшелерін тазалау және жуу, су өткізгіш жырларды көктемде қардан, ал жазда қоқысты шығару арқылы жиналған қоқыс пен балшықтан тазалау, тротуар мен жаяу жүргіншілер аймағын қардан, қоқыстан және бөтен заттардан тазалау және жуу;

2) қала көшелерінің жолдарын қысқы күтіп ұстау бойынша жұмыстарды көктайғаққа қарсы материалдарды дайындау, жолдарды қардан тазалау, жолдарды қар үйінділерінен тазарту, жолдардың жүру бөлігін қарлы жаппалдан тазалау, қарлы дуалдарды жою, қала көшелерінің жүру бөлігін, тротуарларды көктайғаққа қарсы материалдармен өңдеу және оларды жүру бөлігінен қажетті уақыттан кейін тазалау, автобус аялдамаларын қар мен мұздан жүйелі түрде тазалау жұмыстарын орындау.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары техникалық білім. Басшылық лауазымдарда жұмыс етілі 5 жылдан кем емес.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы талаптар: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» кодексі, Экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік меншік туралы» заңдарын және Қазақстан Республикасының осы кәсіпорынның қызметі саласындағы қатынастарды реттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерін білуі қажет.

Кәсіпорынның өндірістік технологиясын және қызмет көрсетуін, ұйымды басқарудың жаңа әдістерін, стратегиялық жоспарлау, экономикалық индикаторлар жүйесін, шаруашылық және қаржылық келісім-шарттарды жасау тәртібі мен орындалуын, Кәсіпорынның экономикасын және қаржысын басқаруды, еңбек және өндірісті ұйымдастыруды, салалық келісімдерді, ұжымдық келісімшарттарды әзірлеуді және жасасуды, әлеуметтік-еңбек қатынастарды реттеуді, еңбек қорғау және қауіпсіздік ережелерін, өрт қауіпсіздігі талаптарын білуі қажет.

Конкурс Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 2 ақпандағы №70 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау жүргізу, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидалары негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін тапсырылатын құжаттардың тізімі:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) белгіленген тәртіппен куәландырылған, білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

4) белгіленген тәртіппен расталған еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі не соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылданғаны және одан еңбек шартының тоқтатылғаны туралы бұйрықтардың көшірмелері;

5) №075/у нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс стажына, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, бұрынғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар туралы құжаттардың көшірмелері) беруіне болады.

Конкурсқа қатысу үшін қабылданатын құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру ресми бұқаралық ақпарат құралдары бетінде және Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасының ресми сайтында www.gov.kz/temleket/entities/almaty-uzh, жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасына 050021, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 85, 5-қабат, әкімшілік бөлімі (506 каб.) мекенжайы бойынша тапсырылуы тиіс.

Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалар тізімі анықталғаннан кейін күнтізбелік 10 күн ішінде конкурсқа қатысушылар әңгімелесуді Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасында өтеді.

Анықтама телефоны:
225-12-13, 8 701 777 57 79.

Бетті әзірлеген Дана САДЫРҚАН.

ALMATY SUMMER FEST

Қала кешін әнге бөлейтін жоба жалғасуда

Мегполисте қала әкімдігінің ұйымдастыруымен ALMATY SUMMER FEST қалалық фестивалінің алтыншы концерті өтті. «Алатау» дәстүрлі өнер театрының алаңында өткен музыкалық кешке мыңдаған көрермен жиналып, ашық аспан астында эстрада жұлдыздарының өнерін тамашалады.

Фестиваль сахнасында Kalifarniya, Qanaу, Бүркіт & Айша, Жанболат & Жазира, Елнұр Наурызбек, Ғаламат Бейсеқожа, Ернар Жұматаев, Aksunka, Жұма Әбіл, Азамат Төрехан, Ердаулет Мұратұлы, Nurislam, JVSMIN, Dana Turar, Baymaman, DJ Akhmetoff, сондай-ақ Әуезов ауданының шығармашылық ұжымдары өнер көрсетті. Концерт барысында көрермендер сүйікті әндерін бірге шырқап, өнерпаздарды ыстық ықыласпен қарсы алды. Танымал орындаушылармен қатар сахнаға шыққан жас таланттардың өнері де көпшіліктің ыстық ықыласына бөленіп, көрермендерге жаңа есімдермен танысуға мүмкіндік берді.

Алматылық Меруерт Есбергенованың айтуынша, мұндай мәдени жобалар отбасылық демалысты мазмұнды өткізуге мүмкіндік береді.

– Бүгінгі концертке отбасымызбен келдік. Танымал әншілердің өнерін тамашалап, ерекше әсер алдық. Осындай тегін концерттердің ұйымдастырылып жатқаны қуантады. Бұл тұрғындардың мәдени демалысына жасалған жақсы мүмкіндік, – деді ол.

Қала қонағы Бекнұр Жәнібеков те фестивальдің жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын атап өтті.

– Алматыға келгеніме біраз күн болды. Концерттің атмосферасы ерекше әсер қалдырды. Мұнда әр жастағы адамдардың бірге демалып, өнерден ләззат алып жатқанын көру ерекше сезім, – деді ол.

ALMATY SUMMER FEST жаз бойы әр сенбі өткізіліп келеді. Фестиваль қала тұрғындары мен қонақтарына арналған мәдени демалыс алаңына айналып, әр концертте еліміздің танымал өнерпаздары мен Алматы аудандарының шығармашылық ұжымдарының басын қосуда.

Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ.
Сурет: С.ҚҰСАЙЫНОВ.



«ХАНТӘҢІРІ ҚАЗЫНАСЫ»

Шалкөдеде халықаралық этнофестивалі өтті

Шалкөде жайлауында Райымбек ауданының 90 жылдығына арналған «Хантәңірі қазынасы» халықаралық этнофестивалі өтті. Ұлт руханиятының алтын аясына айналған мекенге 25 мыңнан астам қонақ келіп, мәдени іс-шараның көркін қыздырды.

Мерейтой аясында 150-ге жуық киіз үй тігіліп, қолөнер, этнодизайн, бейнелеу өнері, ұлттық тағамдар мен ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесі ұсынылды. Фестивальге Қытай, Түркия, Ресей, Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан, Беларусь, Армения, Өзбекстан, Грузиядан және Қазақстанның әр өңірінен қонақтар келді.

Бағдарламада ұлттық спорт жарыстары, қолөнершілер шеруі, «Қарқара» жайлау көшінің көрінісі, ауданның тарихы мен көрнекті тұлғаларына арналған таныстырылымдар ұйымдастырылды.

Тимур Сыпатаев бастаған «Алыптар сайысының» құрыш білекті жігіттері күш сынасты. Түйе палуан, 100 келілік тас пен бөрене көтеру, арба сүйреу және өзге де



ұлттық спорт түрлерінен тартысты бәсекелер өтті.

Қазақ күресінен түйе палуандар белдесуіне Алматы, Жетісу, Жамбыл облыстары мен Шымкент қаласынан 20-дан аса спортшы қатысты. Балуандар боз кілемде білек күші мен айла-тәсілін сынға салып, жүлделі орындарға таласты.

Фестивальде қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігі де кеңінен көрсетілді. Ақ жаулықты әжелер келі-келсаппен дән түйіп, тас диірменмен талқан тартты. Жүн түтіп, киіз басып, сырмақ тікті, алаша, басқұр мен ши тоқып, құрақ құрады. Бұл көріністер ауылдың берекелі тіршілігін көз алдымызға әкелді.

Шалкөде төрінде Қазақстанның мәдениет қайраткері, дәстүрлі әнші Сұлушаш Нұрмағанбетова, Диана Исмайыл, Ғазизхан Шекербек, Мөлдір Әуелбекова, Nurbullin және басқа да өнерпаздар ән шырқады. Сүйінбай атындағы Алматы облыстық филармониясының ұжымы мен дәстүрлі әншілер де көпшілікке мерекелік бағдарлама ұсынды.

Фестивальге Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев қатысып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. Құттықтауда Райымбек өңірінің ел тарихындағы орны, аудан халқының бірлігі мен туған жерді дамытуға қосқан үлесі айтылды.

Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев Райымбек ауданы Райымбек батыр, Мұқағали Мақатаев, Бердібек Соқпақбаев, Сағат Әшімбаев, Оразалы Досбосынов сынды тұлғаларды дүниеге әкелген киелі мекен екенін мәлімдеді.

– Аумақтың туристік әлеуеті де өте жоғары. Хантәңірі шыңы, тұнық Тұзкөл мен Тастау көлдері, Шалкөде жайлауы бұл өлкені еліміздегі ең көркем өңірлердің біріне айналдырды. Осынау қайталанбас табиғат байлығы trekking, альпинизм, этнотуризм және экологиялық туризмді дамытуға кең жол ашады. Нарынқол өңірінің осынау экологиялық таза туристік мүмкіндіктері алдағы уақытта халықтың әл-ауқатын көтеретін, аймақ экономикасын өрге сүйрейтін негізгі қозғаушы күшке айналуы тиіс, – деді облыс әкімі.

Райымбек ауданының 90 жылдығына арналған мерекелік іс-шаралар үш күнге жалғасты. Бағдарлама аясында республикалық оқушылар айтысы, ғылыми-танымдық конференция, гала-концерт, «Жолан жүйірігі» республикалық бәйгесі мен ұлттық спорт жарыстары ұйымдастырылды.

Дастан ҚАСТАЙ.



АЛМАТЫ АҚШАМЫ



12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №63-64 (6742) 14 шілде, сейсенбі, 2026 жыл. | www.aqshamnews.kz

Алматы қаласы учаскелік сайлау комиссияларының құрамы, орналасқан жері, шекаралары және жұмыс уақыты туралы ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 13-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2026 жылғы 1 шілдедегі «Қазақстан Республикасының Құрылтайына сайлау тағайындау туралы» №1338 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 1 шілдедегі «2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын бекіту туралы» №26/41 қаулысына сәйкес, Алматы қаласы учаскелік сайлау комиссияларының құрамы, орналасқан жері, шекаралары және жұмыс уақыты туралы хабарлаймыз:

Алматы қаласының Алатау ауданы
№1 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Усть-Каменогорская көшесі, 1. «№14 жалпы білім беретін мектеп» КММ. Шекаралары: Бөкеев көшесінен Рысқұлов даңғылымен (оңтүстік жағы) солтүстік-шығыс бағытта Күдерін көшесіне дейін; Күдерін көшесімен (батыс жағы) оңтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылымен (солтүстік жағы) оңтүстік-батыс бағытта Соқпақбаев көшесіне дейін; Соқпақбаев көшесімен (шығыс жағы) солтүстік-батыс бағытта Соқпақбаев көшесіндегі №34-ші үйге дейін; Соқпақбаев көшесіндегі №34-ші үйден (солтүстік жағы) батыс бағытта Бөкеев көшесіне дейін; Бөкеев көшесімен (шығыс жағы) солтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін.
Төрағасы – Бакраева Гүлмира Манарбековна, төрағасының орынбасары – Логунец Гүлнур Геннадьевна, хатшысы – Нұртаева Гүлдана Даулетқызы, комиссия мүшелері – Ысқақ Жаннат Сапарбекқызы, Дауталиева Әлвира Төлеуовна, Иминова Хамрағұл Ахметжановна, Искакова Асел Зурабовна.
№2 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Таджикская көшесі, 5 Б. «№114 жалпы білім беретін мектеп» КММ. Шекаралары: Братская көшесінен Фадеев көшесімен (оңтүстік жағы) шығыс бағытта Бөкеев көшесіне дейін; Бөкеев көшесімен (батыс жағы) оңтүстік бағытта Бөкеев көшесіндегі №60-шы үйге дейін; Бөкеев көшесіндегі №60-шы үйден шығыс бағытта (оңтүстік жағы) Соқпақбаев көшесіне дейін; әрі қарай Соқпақбаев көшесімен (батыс жағы) оңтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылымен (солтүстік жағы) батыс бағытта Братская көшесіне дейін; Братская көшесімен (шығыс жағы) солтүстік бағытта Фадеев көшесіне дейін.
Төрағасы – Жамбулатова Сауле Ажбановна, төрағасының орынбасары – Косымова Калдығұл Кулмахановна, хатшысы – Чепурная Марина Леонидовна, комиссия мүшелері – Байғожина Шүгүлға Болатбековна, Абдырасилова Майра Шораевна, Аубакирова Мадина Амантаевна, Таукелова Гүлнар Жамбосыновна.
№3 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Таджикская көшесі, 5 Б. «№114 жалпы білім беретін мектеп» КММ. Шекаралары: Невмирович-Данченко көшесімен Рысқұлов даңғылының қиылысынан солтүстік-шығыс бағытта Рысқұлов даңғылымен Боқаев көшесіне дейін; Боқаев көшесімен оңтүстік-шығыс бағытта Фадеев көшесіне дейін; Фадеев көшесімен оңтүстік-батыс бағытта Братская көшесіне дейін; Братская көшесімен оңтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылымен батыс бағытта Невмирович-Данченко көшесіне дейін; Невмирович-Данченко көшесімен солтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін.
Төрағасы – Килыбаева Айгүл Джансарбаевна, төрағасының орынбасары – Ташимаова Үлмекен Абдигабаровна, хатшысы – Джумагулова Диана Турсынбекқызы, комиссия мүшелері – Бельих Евгения Александровна, Нурбекова Тангүл Абилсетовна, Шакиров Нуржан Ерманович, Ибраева Галия Адильхановна.
№4 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Докучаев көшесі, 31 А. «№91 жалпы білім беретін мектеп» КММ. Шекаралары: Үлкен Алматы өзенінен Райымбек даңғылымен (солтүстік жағы) батыс бағытта Кисповодская көшесіне дейін; Кисповодская көшесімен (шығыс жағы) солтүстік бағытта Кисповодская-2 көшесіне дейін; Кисповодская-2 көшесімен №22А үйді қосқанда (оңтүстік жағы) шығыс бағытта Емцов көшесіне дейін; Емцов көшесімен №22А үйді қосқанда (шығыс жағы) солтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін; Рысқұлов даңғылымен (оңтүстік жағы) шығыс бағытта Үлкен Алматы өзеніне дейін; Үлкен Алматы өзені бойымен (батыс жағы) оңтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін.
Төрағасы – Исламова Алия Ахмедовна, төрағасының орынбасары – Юсупова Ранолуғ Турсунмагометовна, хатшысы – Тайшабарова Шолпан Жолдасбайқызы, комиссия мүшелері – Бурнашева Ильмира Мұхтаровна, Коспабетова Гүлжан Шынжырбаевна, Габбасова Сауле Жуманғалиевна, Дарибаева Сауле Аскаровна.
№5 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Докучаев көшесі, 31 А. «№91 жалпы білім беретін мектеп» КММ. Шекаралары: Рысқұлов даңғылынан Емцов көшесімен №22А үйді қоспағанда (батыс жағы) оңтүстік бағытта Кисповодская-2 көшесіне дейін; Кисповодская-2 көшесімен №27А үйді қоспағанда (солтүстік жағы) батыс бағытта Кисповодская көшесіне дейін; Кисповодская көшесімен (батыс жағы) батыс бағытта Карпатская көшесіне дейін; Карпатская көшесімен (шығыс жағы) солтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін; Рысқұлов даңғылымен (оңтүстік жағы) шығыс бағытта Емцов көшесіне дейін, Рысқұлов даңғылындағы №228-ші үйді қоспай.
Төрағасы – Молдашам Гүлжан Нұрғожақызы, төрағасының орынбасары – Джанпейсова Гүлмира Турсуновна, хатшысы – Альби Ахерке, комиссия мүшелері – Исаева Айгерім Алмазовна, Нұрғожаева Гүлназ Сериковна, Джазыкбекова Сауле Кудайбергеновна, Тезекбаева Турсынғұл Абдырасиловна.
№6 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Ахрименко көшесі, 4. «№82 жалпы білім беретін мектеп» КММ. Шекаралары: Райымбек даңғылынан Карпатская көшесімен (батыс жағы) солтүстік бағытта Қаскелең көшесіне дейін; Қаскелең көшесімен (оңтүстік жағы) батыс бағытта Рысқұлов даңғылына дейін; Рысқұлов даңғылымен (шығыс жағы) оңтүстік бағытта Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылымен (солтүстік жағы) шығыс бағытта Карпатская көшесіне дейін.
Төрағасы – Айдарова Сауле Нариманшановна, төрағасының орынбасары – Адильгиреева Марина Эдуардовна, хатшысы – Жекенов Мирас Ергалиұлы, комиссия мүшелері – Исахан Ақулла Диханқызы, Дюсеновна Гүлзыра Ермухановна, Досекова Маржан Жумахановна, Төлембев Алишер Сағынғалиұлы.
№7 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Әйгерім-1 шағынауданы, Бенберин көшесі, 52. «№149 жалпы білім беретін мектеп» КММ. Шекаралары: Түркістан шағынауданы Ақсу көшесі мен Әйгерім-1 шағынауданы Азаттық көшелерінің қиылысынан Әйгерім-1 шағынауданы Азаттық көшесі бойымен оңтүстікке қарай Әйгерім-1 шағынауданы Набережная көшесіне дейін, Набережная көшесі бойымен оңтүстікке қарай Самғау шағынауданы Ырсты көшесі №17 үйіне дейін, Ырсты көшесі №17 үйінен батысқа қарай Әйгерім-1 шағынауданы Сағи Әшімов көшесіне дейін, ары қарай Ахременко көшесі бойымен солтүстікке қарай Әйгерім-1 шағынауданының Наби көшесіне дейін, Наби көшесі бойымен батысқа қарай Әйгерім-1 шағынауданы Молдағұлова көшесіне дейін; Молдағұлова көшесі бойымен солтүстікке қарай Әйгерім-2 шағынауданы Шүгүлға көшесіне дейін, Шүгүлға көшесі бойымен шығысқа қарай Әйгерім-1 шағынауданы Бенберин көшесіндегі №83А үйіне дейін, №83А үйінен шығысқа қарай Әйгерім-1 шағынауданы Набережная көшесінің №13-ші үйіне дейін, №13 үйінен солтүстік-шығысқа қарай Әйгерім-1 шағынауданы Азаттық көшесі мен Түркістан шағынауданы Ақсу көшелерінің қиылысына дейін.
Төрағасы – Акмолдаева Анар Турдалиевна, төрағасының орынбасары – Базарбаева Гүлнар Алиевна, хатшысы – Архабаева Гүлнур Сарсенбековна, комиссия мүшелері – Қалмұхан Ержан Серікұлы, Байбалаева Самал Турсынбековна, Мухамедиярова Жанна Ершатовна, Кудайбергенов Жанғабыл Нурланович.
№8 сайлау учаскесі Орталығы: Алматы қаласы, Самғау шағынауданы, Көкорай көшесі, 67 В. «№217 жалпы білім беретін мектеп» КММ. Шекаралары: Түркістан шағынауданының Ақсу көшесі мен Самғау шағынауданы Көкорай көшесіндегі №50-ші үйдің қиылысынан Түркістан шағынауданы Ақсу көшесімен солтүстік-батыс бағытта Шаңырақ-2 шағынауданы Әубәкіров көшесіне дейін; Шаңырақ-2 шағынауданы Әубәкіров көшесімен шығыс бағытта Әйгерім-1 шағынауданы МТФ-1 көшесіне дейін; Әйгерім-1 шағынауданы МТФ-1 көшесімен Әйгерім-1 шағынауданы МТФ-1 көшесіндегі №175 үйге дейін; Әйгерім-1 шағынауданы МТФ-1 көшесіндегі №175 үйден шығыс бағытта Шаңырақ-1 шағынауданы Жас Қазақ көшесіндегі №55-ші үйге

дейін; Шаңырақ-1 шағынауданы Жас Қазақ көшесіндегі №55-ші үйден солтүстік бағытта Шаңырақ-1 шағынауданы Қоғалы көшесіндегі №65-үйге дейін; Шаңырақ-1 шағынауданы Қоғалы көшесіндегі №65-ші үйден шығыс бағытта Шаңырақ-1 шағынауданы Әшекеев көшесіне дейін; Шаңырақ-1 шағынауданы Әшекеев көшесімен шығыс бағытта Шаңырақ-1 шағынауданы Өтемісұлы көшесіне дейін; Шаңырақ-1 шағынауданы Өтемісұлы көшесімен оңтүстік бағытта Шаңырақ-1 шағынауданы Өтемісұлы көшесіндегі №21-ші үйге дейін; Шаңырақ-1 шағынауданы Өтемісұлы көшесіндегі №21-ші үйден шығыс бағытта Үлкен Алматы өзеніне дейін; Үлкен Алматы өзені арнасымен Шаңырақ-1 шағынауданы Өтемісұлы көшесіндегі №11А үйге дейін; Шаңырақ-1 шағынауданы Өтемісұлы көшесіндегі №11А үйден Самғау шағынауданы Көкорай көшесіне дейін; Самғау шағынауданы Көкорай көшесімен оңтүстік бағытта Самғау шағынауданы Көкорай көшесіндегі №18А үйге дейін; Самғау шағынауданы Көкорай көшесіндегі №18А үйден батыс бағытта Самғау шағынауданы Көкорай көшесіндегі №43-ші үйге дейін; Самғау шағынауданы Көкорай көшесіндегі №43-ші үйден солтүстік бағытта Самғау шағынауданы Көкорай көшесіндегі №50-ші үйге дейін; Самғау шағынауданы Көкорай көшесіндегі №50-ші үйден батыс бағытта Түркістан шағынауданы Ақсу көшесіне дейін.

Төрағасы – Мұхтарқұлова Айза Алпамысқызы, **төрағасының орынбасары** – Кәбдіұлкаримова Алмагүл Дүйсеновна, **хатшысы** – Совет Торғын Қанатжанқызы, **комиссия мүшелері** – Дулатова Айгүл Даулеткалиевна, Бегарысова Айман Мухаметжановна, Карсақбаева Жамал Кокимбаевна, Есбенбетова Гүлбану Нұрлыбаевна.

№9 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Әйгерім-1 шағынауданы, Бенберин көшесі, 52.
«№149 жалпы білім беретін мектеп» КММ,
Шекаралары: Боралдай өзені мен Әйгерім-2 шағынауданының Байтерек көшесінің қиылысынан Боралдай өзенінің арнасымен солтүстік бағытта Алғабас шағынауданының Мөңке би көшесіне дейін; Алғабас шағынауданының Мөңке би көшесімен шығыс бағытта Әйгерім-1 шағынауданының Бенберин көшесіне дейін; Әйгерім-1 шағынауданының Бенберин көшесімен оңтүстік бағытта Әйгерім-2 шағынауданының Байтерек көшесіне дейін; Әйгерім-2 шағынауданының Байтерек көшесімен батыс бағытта Боралдай өзеніне дейін.

Төрағасы – Джалбасбаева Жұлдыз Азбөкенова, **төрағасының орынбасары** – Абыканов Ерлан Серикович, **хатшысы** – Сихымбаева Жанарқұл Иманалиевна, **комиссия мүшелері** – Мухаметкалиева Талшын Хасеновна, Нұрахметова Ельмира Адилжановна, Сыздықбаева Ақбөпе Куванышқызы, Сисенғалиева Дамира Талғатовна.

№10 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Рысқұлов даңғылы, 228.
«№7552 әскери бөлім» КММ.
Төрағасы – Сыздықов Жанат Асхатұлы, **төрағасының орынбасары** – Атейбекова Куралай Турсынбаевна, **хатшысы** – Акимова Жұлдыз Махаметовна, **комиссия мүшелері** – Токпалов Еркебұлан Қалқаманұлы, Козыбеков Нұрсұлтан Орынбекович.

№11 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Ақбұлақ шағынауданы, Қасым Шәріпов көшесі, 38.
«№154 жалпы білім беретін мектеп» КММ.
Шекаралары: Рысқұлов даңғылы мен Саин көшесінің қиылысынан Саин көшесімен оңтүстік-батыс бағытта Райымбек даңғылына дейін; Райымбек даңғылымен батыс бағытта Момышұлы көшесіне дейін; Момышұлы көшесімен солтүстік бағытта Ақбұлақ шағынауданының Талдыарал көшесіне дейін; Ақбұлақ шағынауданының Талдыарал көшесімен шығыс бағытта Ақбұлақ шағынауданының Мұқаев көшесіне дейін; Ақбұлақ шағынауданының Мұқаев көшесімен солтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін; Рысқұлов даңғылымен шығыс бағытта Саин көшесіне дейін.

Төрағасы – Алмасбаева Каламқас Калиевна, **төрағасының орынбасары** – Киптабаев Еркем Кайтбаевич, **хатшысы** – Дихан Жанерке Сұлтанқызы, **комиссия мүшелері** – Бектембаев Данияр Нұрланович, Таймасова Айнур Маратқызы, Исаева Эльмира Ибашовна, Алирахимова Гүлнәра Серикжановна.

№12 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Өжет шағынауданы, Әуезов көшесі, 48.
«№156 жалпы білім беретін мектеп» КММ.
Шекаралары: Өжет шағынауданындағы Х.Оралтай және Шаған көшелерінің қиылысынан Өжет шағынауданындағы Шаған көшесі бойымен шығысқа қарай Шарын көшесіне дейін, Шарын көшесі бойымен солтүстікке қарай Шарын көшесі 44-үйге дейін, Шарын көшесі 44-үйден шығысқа қарай Жапсарбаев көшесіне дейін, Жапсарбаев көшесі бойымен оңтүстікке қарай Жиенбаев көшесіне дейін, Жиенбаев көшесі бойымен батысқа қарай Новая көшесі 22А үйге дейін, Новая көшесі 22А үйден оңтүстікке қарай Новая көшесі 19-үйге дейін, Новая көшесі 19-үйден батысқа қарай Х. Оралтай көшесіне дейін, Х.Оралтай көшесі бойымен солтүстікке қарай Шаған көшесіне дейін.

Төрағасы – Мустафинова Гаухар Советқызы, **төрағасының орынбасары** – Мансурова Бобби Мансуровна, **хатшысы** – Самиева Реханұлы Гайратовна, **комиссия мүшелері** – Алимханова Молдир Нұрланқызы, Амриралева Айман Алиаскарқызы, Бекжанова Ақерке Дулатқызы, Омарова Дилара Дюсенханқызы.

№13 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Өжет шағынауданы, Әуезов көшесі, 48.
«№156 жалпы білім беретін мектеп» КММ.
Шекаралары: Өжет шағынауданындағы Шаған және Х.Оралтай көшелерінің қиылысынан Х. Оралтай көшесі бойымен солтүстікке қарай Х.Оралтай көшесі 147-үйге дейін, 147-үйден батысқа қарай Әуезов көшесіне дейін, Әуезов көшесі бойымен солтүстікке қарай Әуезов көшесі 149-үйге дейін, 149-үйден шығысқа қарай Бекболат көшесіне дейін, Бекболат көшесі бойымен солтүстікке қарай «Тигцевова» ПҚСТ-ға дейін және оның оңтүстік шекарасы бойымен Есентай өзеніне дейін, Есентай өзені арнасы бойымен оңтүстікке қарай Үкілі Ыбырай көшесіне дейін, Үкілі Ыбырай көшесі бойымен солтүстік-шығысқа қарай Сүмбіле көшесіне дейін, Сүмбіле көшесі бойымен солтүстікке қарай Қожаберген Жырау көшесіне дейін, Қожаберген Жырау көшесі бойымен оңтүстік-шығысқа қарай Қошқарбаев көшесіне дейін, Қошқарбаев көшесі бойымен оңтүстікке қарай Қожықовтар көшесіне дейін, Қошқарбаев және Қожықовтар көшелерінің қиылысынан батысқа қарай Шарын көшесіне дейін, Шарын көшесі бойымен оңтүстікке қарай Шаған көшесіне дейін, Шаған көшесі бойымен батысқа қарай Х.Оралтай көшесіне дейін.

Төрағасы – Тайпова Мунирям Имамовна, **төрағасының орынбасары** – Нарбутаев Сайдүвали Абдувалиевич, **хатшысы** – Умуразова Гаухар Турганбековна, **комиссия мүшелері** – Сабырбекова Дамира Болатхановна, Рахманова Айшинур Абайдуллаевна, Калибекова Айгерим, Ерсариева Зияла Айтбековна.

№14 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Томирис шағынауданы, Центральная көшесі, 120.
«№205 жалпы білім беретін мектеп» КММ.
Шекаралары: Үлкен Алматы қаналы мен Томирис шағынауданындағы №27/1-ші үйдің қиылысынан Үлкен Алматы қаналының арнасымен солтүстікке қарай Алматы қаласының Боралдай шағынауданының оңтүстік шекарасына дейін; Боралдай шағынауданының оңтүстік шекарасымен Жигитова көзеніне дейін; Жигитова өзенінің бойымен Томирис шағынауданы Центральная көшесіндегі №27/1-ші үйге дейін.

Төрағасы – Сәдібекова Назира Токтаракыновна, **төрағасының орынбасары** – Куанышова Алия Куанышевна, **хатшысы** – Жанат Назерке, **комиссия мүшелері** – Тілегбергенова Эльмира Абдығалимовна, Курманова Ардақ Муратовна, Нұрлыханов Азамат Талапұлы, Әшімбаев Ақжол Әбілғазыұлы.

№15 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шапағат шағынауданы, Биянху көшесі, 87.
«№150 жалпы білім беретін мектеп» КММ.
Шекаралары: Солтүстік айналым көшесінен Шапағат шағынауданындағы Дунгаская көшесімен батыс бағытта (солтүстік жағы) Тереңқара өзеніне дейін; Тереңқара өзені бойымен солтүстік бағытта (шығыс жағы) Шапағат шағынауданындағы Уйғурская көшесіне дейін; Шапағат шағынауданындағы Уйғурская көшесімен оңтүстік жағыта (оңтүстік жағы) солтүстік-шығыс бағытта, әрі қарай шығыс бағытта Солтүстік айналым көшесіне дейін; Солтүстік айналым көшесімен оңтүстік бағытта (батыс жағы) Шапағат шағынауданындағы Дунгаская көшесіне дейін.

Төрағасы – Имашев Мұхидин Абдухелилович, **төрағасының орынбасары** – Маметова Гүльям Рустамовна, **хатшысы** – Айтмолдина Манар Кырыкбаевна, **комиссия мүшелері** – Мансуров Абдурахим, Нұртанова Гулистан Меирбековна, Аматова Сахинур Аршидиновна, Тоғысбаева Асел Тезекбаевна.

№16 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шапағат шағынауданы, Новая Садовая көшесі, 100А.
«№151 жалпы білім беретін мектеп» КММ.
Шекаралары: Солтүстік айналым көшесінен Рысқұлов даңғылымен (солтүстік-батыс жағы) оңтүстік-батыс бағытта Самғау шағынауданының шығыс шекарасына дейін; Самғау шағынауданының шығыс шекарасынан (шығыс жағы) солтүстік бағытта Тереңқара өзеніне дейін; Тереңқара өзені бойымен (шығыс жағы) солтүстік бағытта Шапағат шағынауданының

Құдиярбек Шотаманұлы көшесіне дейін; Шапағат шағынауданының Құдиярбек Шотаманұлы көшесімен (оңтүстік жағы) шығыс бағытта, әрі қарай Шапағат шағынауданының Красноармейская көшесімен (оңтүстік жағы) шығыс бағытта Шоссейная көшесіне дейін; Шапағат шағынауданының Шоссейная көшесімен солтүстік-шығыс бағытта (оңтүстік-шығыс жағы) Солтүстік айналым көшесіне дейін; Солтүстік айналым көшесімен (батыс жағы) оңтүстік бағытта Рысқұлов даңғылына дейін.

Төрағасы – Абдуллаева Гүлзада Кажигиреевна, **төрағасының орынбасары** – Жексенобаева Данара Сериковна, **хатшысы** – Шаймерденова Жанар Наурызбаевна, **комиссия мүшелері** – Тайрова Гүлнәра Гожажметовна, Мамбетов Жансерик Шайзадаевич, Алаева Лайлихан Айсаровна, Медетбекова Забида Омаровна.

№17 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Қарасу шағынауданы, Көктал көшесі, 1 А.
«№218 жалпы білім беретін мектеп» КММ.
Шекаралары: Бұрундай тас жолы мен Солтүстік айналма жолының қиылысынан Солтүстік айналма жолы бойымен оңтүстікке қарай 158/1 үйге дейін, 158/1 үйден батысқа қарай Қарасу шағынауданындағы Мостовая көшесіне дейін, Мостовая көшесі бойымен солтүстікке қарай Қарасу шағынауданындағы 40 жылдық Женіс көшесіне дейін, 40 жылдық Женіс көшесі бойымен батысқа қарай Құсайынұлы көшесіне дейін, Құсайынұлы көшесі бойымен солтүстікке қарай 33А-үйге дейін, 33А үйден батысқа қарай Школьная көшесіне дейін, Школьная көшесі бойымен оңтүстік-батысқа қарай Мичурин көшесі 14-үйге дейін, Мичурин көшесі бойымен солтүстікке қарай Бұрундай көшесіне дейін.

Төрағасы – Бейкүтұлы Дастан, **төрағасының орынбасары** – Хамзина Райхан Алимхановна, **хатшысы** – Теләгисова Сандұғаш Едилбаевна, **комиссия мүшелері** – Әлібекова Назерке Асхатқызы, Шубекова Гүлнур Аскаровна, Әлібек Салтанат Асхатқызы, Тағаева Алынышаш Жакыпбековна.

№18 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Қарасу шағынауданы, Заводская көшесі, 98.
«№164 жалпы білім беретін мектеп» КММ.
Шекаралары: Солтүстік айналма жолы мен Балпық би көшелерінің қиылысынан батысқа қарай Балпық би көшесі 63-үйге дейін, 63-үйден солтүстікке қарай Бағаналы Орда көшесі 113-үйге дейін, 113-үйден солтүстікке қарай бағаналы Орда көшесі бойымен 45-үйге дейін, 45-үйден шығысқа қарай Центральная көшесі 164-үйге дейін, Центральная көшесі бойымен солтүстікке қарай №164 мектепке дейін, мектептен шығысқа қарай Заводская көшесі 19-үйге дейін, 19-үйден солтүстікке қарай Заводская көшесі 25-үйге дейін, 25-үйден оңтүстік-шығысқа қарай Солтүстік айналма жолына дейін, Солтүстік айналма жолы бойымен оңтүстікке қарай Балпық би көшесіне дейін.

Төрағасы – Садықова Алия Сағндыковна, **төрағасының орынбасары** – Байжуманова Света Омирзаковна, **хатшысы** – Аханова Молдир Абдурашидовна, **комиссия мүшелері** – Розбакиева Шадиям Шарипқызы, Абдыкаимова Саркытгүл Мекановна, Смакынова Назгүл Сайлаубековна, Абдуқадиров Абдумарат Абдуманнобұғли.

№19 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Қарасу шағынауданы, Шахметов көшесі, 17/8.
«№179 жалпы білім беретін мектеп» КММ.
Шекаралары: Кіала шекарасы мен Бұрундай тас жолының қиылысынан оңтүстікке қарай Мичурин көшесіне дейін, Мичурин көшесі бойымен оңтүстікке қарай 14-үйге дейін, 14-үйден оңтүстікке қарай Школьная көшесіне дейін, Школьная көшесі бойымен солтүстік-шығысқа қарай Құсайынұлы көшесі 33А үйге дейін, Құсайынұлы көшесі бойымен оңтүстікке қарай 83-үй-1-корпусқа дейін, 83/1 үйден батысқа қарай Мичурин көшесі 42-үйге дейін, 42-үйден батысқа қарай бағаналы Орда көшесі 21-үйге дейін, 21-үйден батысқа қарай Кастек батыр көшесі бойымен 19-үйге дейін, 19-үйден оңтүстікке қарай Мойылды көшесіне дейін, Мойылды көшесі бойымен батысқа қарай Есентай өзеніне дейін, Есентай өзені бойымен солтүстікке қарай бағаналы көшесі 46-үйге дейін, 46-үйден батысқа қарай қала шекарасына дейін, қала шекарасы бойымен солтүстікке қарай Бұрундай тас жолына дейін.

Төрағасы – Тойбекова Раушан Болысбековна, **төрағасының орынбасары** – Шералиева Динара Эрнстовна, **хатшысы** – Абдикеева Арайлым Дюсембековна, **комиссия мүшелері** – Мананова Кенжекүл, Баизова Каламқас Каиртаевна, Халметова Гүлназим Теипжановна, Әділбек Әділет Тілеубекұлы.

№20 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шаңырақ-2 шағынауданы, Жанқожа батыр көшесі, 13А.
«№26 жалпы білім беретін мектеп» КММ,
Шекаралары: Шаңырақ-2 шағынауданының Әубәкіров көшесі мен Шаңырақ-2 шағынауданының Күлтегін көшесінің қиылысынан, Шаңырақ

– Мырзалиева Жансая Кенгесбайқызы, Тоқтар Индира Тоқтарқызы, Наурызбаева Арайлым Бериковна, Сүлтанйазова Гульмира Күллібаева.

№25 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Шапағат шағынауданы, Новая Садовая көшесі, 100 А.

«№151 жалпы білім беретін мектеп» КММ.

Шекаралары: Шапағат шағынауданының Шотаманұлы көшесінің бұрышынан Тереңқара өзені бойымен солтүстік бағытта (шығыс жағы) Шапағат шағынауданы Дунганская көшесіне дейін; Шапағат шағынауданы Дунганская көшесімен (оңтүстік-батыс жағы) оңтүстік-шығыс бағытта Солтүстік айналым көшесіне дейін; Солтүстік айналым көшесімен оңтүстік бағытта (батыс жағы) Шапағат шағынауданы Шоссейная көшесіне дейін; Шоссейная көшесімен батыс бағытта (солтүстік жағы) Шапағат шағынауданы Қахарман көшесіне дейін; Шапағат шағынауданы Қахарман көшесінен Шапағат шағынауданының Красноармейская көшесімен батыс бағытта (солтүстік жағы) Шапағат шағынауданының Шотаманұлы көшесіне дейін; Шапағат шағынауданының Шотаманұлы көшесімен батыс бағытта (солтүстік жағы) Тереңқара өзеніне дейін.

Төрағасы – Карымсакова Толқын Тұрсынғұловна, **төрағасының орынбасары** – Касымова Нигара Алимджановна, **хатшысы** – Проводникова Светлана Ивановна, **комиссия мүшелері** – Абирова Жибек Сапарбаевна, Абибуллина Гульнар Дауетовна, Амутова Калбинур Шахмуратовна, Молдажанова Гуля Мейрамбаевна.

№26 сайлау учаскесі
Орталығы: Алматы қаласы, Әйгерім-1 шағынауданы, Сағи Әшімов көшесі, 210. **«№222 жалпы білім беретін мектеп» КММ.**
